

ISSN 2221-8521

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ

АРХЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ҰЛТТЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРА АРХЕОГРАФИИ И
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ

BULLETIN

OF THE NATIONAL CENTER OF ARCHAEOGRAPHY
AND SOURCE STUDIES

4/2013



ISSN 2221-8521

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ

АРХЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ҰЛТТЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

ХАБАРЛАРЫ

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРА АРХЕОГРАФИИ И
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ

BULLETIN

OF THE NATIONAL CENTER OF ARCHAEOGRAPHY
AND SOURCE STUDIES

4/2013

АСТАНА

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Жылына 4 рет шығады
Журнал ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде
2011 жылы 21 ақпанда тіркеліп, № 11470-Ж куәлігіне ие болды

Құрылтайшысы
АРХЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

БАС РЕДАКТОР
Археография және деректану ұлттық орталығының директоры
Л. Ә. Әбдірәсілова

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ҚР БҒМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, академик **Әбсаттар қажы Дербісәлі** (Қазақстан), ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі **Б. Е. Көмеков** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **Қ. М. Атабаев** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары **Дархан Қыдырәлі** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, Қырғызстан Тарих қоғамының Президенті **Т.К. Чоротегин** (Қырғызстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **Н.Ә. Каримова** (Өзбекстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **А.К. Камалов** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **Г.К. Көкебаева** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.И. Ковальская** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.В. Любичанковский** (Ресей), Болон университетінің Шығыстану институтының директоры, профессор **Маурицио Пистозо** (Италия), Хоккайдо университетінің профессоры **Уяма Томохико** (Жапония), ҚР МАМ Ақпарат және мұрағат комитетінің бас сарапшысы **Ж.А. Сатаева** (Қазақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ж.М. Төлебаева** (Қазақстан), Индиана университетінің библиографы, PhD докторы **А. Хабибуллаев** (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР
Т. Е. Төлебаев

Редакцияның мекенжайы:
Археография және деректану ұлттық орталығының баспасы
010000, Астана қ., Нұржол жележолы, 12
тел. 8 (7172) 44-63-71, факс: 44-62-88
E-mail: nc-ais@mail.ru

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Выходит 4 раза в год

Журнал зарегистрирован Министерством связи и информации РК
Свидетельство № 11470-Ж от 21 февраля 2011 г.

Учредитель

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР АРХЕОГРАФИИ И
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ**

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Директор Национального центра археологии и источниковедения
Л. А. Абдирасилова

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Директор Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова МОН РК, академик **Абсагтар кажи Дербисали** (Казахстан), академик НАН РК **Б.Е. Кумеков** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **К.М. Атабаев** (Казахстан), доктор исторических наук, заместитель Генерального Секретаря Тюркского Совета **Дархан Кыдырали** (Казахстан), доктор исторических наук, Президент Кыргызского Общества истории **Т.К.Чоротегин** (Кыргызстан), профессор **Н.Э. Каримова** (Узбекистан), доктор исторических наук, профессор **А.К. Камалов** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **Г.К. Кокебаева** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **С.И. Ковальская** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **С.В. Любичанковский** (Россия), Директор института востоковедения, профессор Болонского университета **Маурицио Пистозо** (Италия), профессор университета Хоккайдо **Уяма Томохико** (Япония), главный эксперт Комитета информации и архивов МКИ РК **Ж.А. Сатаева** (Казахстан), доктор исторических наук, профессор **Ж.М. Тулибаева** (Казахстан), библиограф университета Индиана, доктор PhD **А. Хабибуллаев** (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Т.Е. Тулибаев

Адрес редакции:

Издательство Национального центра археологии и
источниковедения

010000, г. Астана, Бульвар «Нұржол», 12

тел. 8 (7172) 44-63-71, факс: 44-62-88

E-mail: nc-ais@mail.ru

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА • НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ • NATION IN THE FLOW OF HISTORY

Әбсағтар Қажы Дербісәлі. Түркиядағы жазба жәдігерліктеріміз.....	5
Қамбарбекова Ғалия. Иранның қолжазба қорлары.....	23
Қамбарбекова Ғалия. Үндістанның қолжазба қорлары.....	28
Жанаев Болат, Ерофеева Ирина. Результаты научной командировки в Национальном архиве Республики Калмыкия.....	30

ШЫҒЫС МҰРАҒАТЫ • ВОСТОЧНЫЙ АРХИВ • ORIENTAL ARCHIVE

Әбсағтар Қажы Дербісәлі. Орта ғасырлардағы Женд және Жендік ғалымдар	33
--	----

ДЕРЕКТАНУ • ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ • SOURCE STUDIES

Тулибаева Жұлдыз. Изучение арабографических источников по истории Казахстана: становление основных направлений	50
--	----

МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫ • АРХИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ • ARCHIVAL DOCUMENTS

Ablet Kamalov. The Tashkurgan Uprising in Southern Xinjiang in the 1940s According to the Records of the British and American Diplomats (Continuation).....	65
---	----

ҚАЗАҚСТАН МҰРАҒАТТАРЫ • АРХИВЫ КАЗАХСТАНА • KAZAKHSTAN ARCHIVES

Мақпал Айнекова. Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты: Қор жасаушы туралы бірер сөз	76
---	----

РЕЦЕНЗИЯЛАР • РЕЦЕНЗИИ • REVIEWS

Гульнара Какенова. Рецензия на книгу: «История Казахстана в документах и материалах. Альманах. Выпуск 2.....	81
Гульнара Какенова. Рецензия на книгу: «Путевые дневники и записки российских чиновников и исследователей о Казахской степи XVIII – середины XIX века».....	84
Авторлар туралы мәлімет.....	86

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Әбсаттар қажы Дербісәлі

*ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі,
Филология ғылымдарының докторы, профессор*

ТҮРКИЯДАҒЫ ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛІКТЕРІМІЗ

Түркияның көптеген жоғары оқу орындары мен бірқатар мемлекеттік кітапханалары қолжазба қорларында еліміздің орта ғасырлық шаһарлары мен кенттерінен шыққан арыстарының әлі күнге дейін жарық көрмеген және ара-кідік басылған да еңбектері бар.

Солардың ішінде Отырар, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн, Түркістан, Сығанақ, Женд, ғұламаларының түрлі тақырыпты қамтитын қолжазбалары көптігімен таңғалдырады. Мысалы Әбу Насыр әл-Фараби, Мұхаммед бин Ахмед бин Иусуф әл-Исфиджаби, Абд әл-Уахид бин Мұхаммед ас-Сайрами, Ала ад-дин Түркістани, Гибатулла ат-Түркістани ат-Тарази, Хұсам ад-дин Хұсейн бин Әли Хажжаж әл-Ханафи ас-Сығнаки, Мұхаммед Абд ас-Сагтар әл-Кердери, Мұхий ад-дин Женди шығармалары және Қожа Ахмет Йасауи «Диуанының» көшірмелері жиі кездеседі.

Түріктер ондай асыл дүниелерді ұзақ ғасырлар бойы Таяу және Орта Шығыстың мәдени, ғылыми, рухани орталықтары Бағдад пен Басра, Дамаск мен Халаб, Мекке мен Мадина, Каир мен Тунистен жинаған. Өйткені 1517 жылдан бастап араб дүниесі мен олардың аталмыш шаһарлары түріктер құзырында болды. Сол себепті де ұлан ғайырға көсілген дәулет астанасы Стамбұлға және Түркияның өзге де қалаларына тек жазба жәдігерліктер ғана емес, сондай-ақ Топқапы сарайына Ибраһим (ғ.с.), Исмаил (ғ.с.), Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың жеке заттары, қасиетті Кағбаның кілттері, халифалар мен әскери қолбасшылардың қылыштары да әкелінді. Олардың арасында Алла Тағаланың соңғы елшісінің (с.ғ.с.) хаттары да бар. Аса құнды ол заттар қазірге дейін көздің қарашығындай сақталуда.

Иә, Түркия – исламдық жәдігерлер мен мұраларды жинап, сақтауға, зерттеуге ерекше көңіл бөліп келе жатқан өркениетті ел, оның кітапхана қорлары араб, парсы тіліндегі қолжазбаларға байлығымен танымал.

Елдің кітапханаларындағы ислам өркениетіне қатысты ондай дүниелер жайлы мәліметтерді Стамбұлдағы төмендегідей кітапханалар мен қолжазба қорларын табуға болады.

ISAM – түрікшеден аударғанда «Ислами зерттеулер орталығы» дегенді білдіретін қысқартылған сөз. Ол Түркия уақыфтарының бас кеңесіне бағынады. Мекеме арнайы салынған әдемі ғимаратқа жайғасқан. Кітапхана

қорына тек Түркиядағы ғана емес, әлем елдерінде басылып жатқан исламға қатысты зерттеу кітаптары да алдырылып отырады, ондағы қолжазбалар каталогі компьютерге түсірілген, көшірмелерін дайындап бере алады. Жалпы Түркияның ислам саласындағы зерттеуді жеңілдету, ынталандыру жолында техника мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануы өзгелерге үлгі деуге болады. Соның бір дәлелі – кітапханаларында сақталған бағалы кітаптар мен қолжазбалардың электронды көшірмесін тез жасатып алу мүмкіндігі.

ISAM-да орындалып жатқан игілікті жұмыстардың бірегейі – көп томды Ислам энциклопедиясының қазірдің өзінде 42 томының шығып үлгеруі.

Түркияның түрлі кітапханалары мен қолжазба қорларында 2001-2010 жылдары, ал Стамбұлға арнайы барған соңғы яғни 2013 жылғы сапарымда осы ежелгі шаһардағы ISAM мен төмендегі бірнеше кітапханалар мен қолжазба қорларында жұмыс істедім.

Сүлеймания кітапханасы Стамбұлдағы XVIII ғасырдан бері қызмет етіп келе жатқан ежелгі, үлкен кітапханалардың бірі. Ол атақты Сүлейман паша мешітінің жанында, мешіт кешенінің құрамдас бір бөлігі. Құрылысы 1557 жылы аяқталған. Әуелде ғибадатхананың арнайы жеке кітапханасы болмаған. Сол себепті ол медресенің хұжырыларына бөліне жайғасқан.

Кітапхана рухани жазба дүниелерге бай. Оның қорына VIII – XIX ғасырларға жататын 73 мың қолжазба мен 50 мың кітап, 94 мың уақып бар.

Баязит кітапханасы Стамбұлдағы үлкен кітапханалардың бірі. Оның қоры бір миллионнан астам еңбектерді қамтиды, олар: кітаптар мен мерзімді басылымдар, газеттер, сирек ұшырасатын шығармалар, карталар мен плакаттар және архивтегі ақшаларды да қамтиды. Кітапхана оқу залдары, арнаулы аспаптармен жабдықталған кабинеттер, мүгедектерге арналған бөлмелер, музыка және бейне нөмірлер, салтанатты мәжіліс өткізетін залдардан тұрады.

Нури Османия кітапханасы да Стамбұлда. Құрылысы I Махмұт патша кезінде 1749 жылы басталып, 1755 жылы III Осман патшаның тұсында аяқталған. Сәулетшісі - Синан Калфа. Кітапхананың басты ерекшелігі - ғимараттың барокко стиліндегілігі. Кітапхана мешіттің шығыс жағында, екі қабатты жеке ғимаратта. Үстіңгі қабаты оқу залы мен қойма. Ғимараттың барокко стилінің ең басты ерекшелігі болып табылатын 30 гипстік сылақты терезелері, екі есігі бар. Бірінің үстіңгі жағында араб тілінде « Білімді бесіктен көрге дейін ізде» деген хадис өрнектелген. Кітапхана коллекциясында осман, араб, парсы тілдеріндегі қолжазбалар, I Махмұд пен III Осман патшалар және Байрам пашаның 79 қолжазбасы бар.

Орта Азия мен Қазақстан тарихын зерттеушілердің бірі Ресей тарихшысы А.Ю. Якубовский (1886-1953) XX ғасырдың 20-жылдары Сығанақ жайлы мағлұмат жинап жүргенде академик В.В. Бартольд (1869-1930) оған Стамбұлға барған сапарында осы Нури Османия кітапханасында сақтаулы «Михман наме-ий Бұхара» - «Бұхара мейманының жазбалары» атты қолжазбадан (Фазл Аллаһ ибн Рузбихан Исфahanи) Сығнақтың бір ақынының:

Бұрын бұл қамсыз ел еді,
«Ниһаяны»¹ құрастырған,

«Һидаяны»² зерлеген
Ғұламалар мекені.
Тағдыр жазса тағы да,
Сығнақтың болар ек,
Сәби өмір бой көтерсе кезеңі.

деген өлең жолдарын жазып әкеліп береді. А.Ю. Якубовский оны кейінірек (1929 ж.) «Сығанақ қаласының жұқаналары» атты еңбегіне эпиграф етіп алған.

Миллет кітапханасын 1700-1701 жылдары Шейху - л - Ислам Сейд Фейзуллах Эфенди салдырған. XIX ғасыр басында кітапхананы бұзу ұйғарылған, себебі кітапхананың орнына көлік тұрағын салу қажет деп саналған. Солай болса да Стамбұл Әуесқойлар Ассоциациясы Назири Аукаф пен Шейху - л - Ислам Хайри Эфендидің қолдауы және күш-қайратымен кітапхана жойылудан аман қалған. Одан соң ол Парса Фатих есімін алады. Кітапхананы қалпына кетірумен қатар Фейзуллах Эфенди оған 2189 қолжазба, ал Әли Эфенди 1600 кітапты сый еткен.

Стамбұлда Рашид Эфенди, Жаруллах Эфенди, Хакимоғлы, Әли Паша және Парса Пашалар салдырған кітапханалар да болған. Бірақ 1942 жылдан соң олар жарамсыз күйге түскен. Олардың дүниелерінің бәрі Парса кітапханасына және Фейзуллах Эфенди кітаптарының қорына жиналады. 1962 жылы Парса кітапханасы көпшілік кітапханаға айналғанда көптеген жеке уақып кітапханаларындағы дүниелер Сүлеймания кітапханасына өткізілген. Кітапхана коллекциялары Лалелідегі Симкешан ғимаратына беріледі, одан соң Парса кітапханасы өзінің дербестігін қайта алып, ары қарай Стамбұлдағы Фатих аумағында көпшілік кітапхана ретінде қызмет етуін жалғастырады.

Мұрат Молла, Әділ Сұлтан, Юсуф Паша Хакимоғлы, Әли Паша көпшілік кітапханалары және Әбу Бәкір Паша, Явуз Селим, Әли Эфенди балалар кітапханасы үлестес субъектінің ретінде Парса кітапханасында қызмет атқарды, бірақ олар коммерциялық ұйым емес қатарына жатқызылды.

Мұрат Молла кітапханаларындағы қолжазбалар 2000 жылы Сүлеймания кітапханасына берілген және қоры көпшілік үшін ашық болған. Қазіргі таңда кітапхана «Парса қолжазбалар кітапханасы » деген атаумен қызметін жалғастыруда.

Стамбұл кітапханасы шаһардың ең үлкені. Оның құрамына Йылдыз кітапханасындағы (Сұлтан Абдул Хамид III-нің шамамен 30 мың жеке коллекциясы) және өзге де жеке коллекциялар кіреді. Университеттің әр факультетінің жеке де кітапханалары бар.

Стамбұл Университетінің кітапханасы, 1933 ж. бастап Стамбұл университетінің осы оқу орнының орталық кітапханасы деп атала бастайды.

Топкапы кітапханасы – 1928 жылы құрылған. Топкапы сарайы музейінің жанында. Ол Стамбұлдағы екінші ескі кітапханалардың бірі. Мұнда османдық каллиграфия өнерінің үлгілері, сонымен қатар қамыс қарындашпен бояу жаққыш қарындаштар сақталған жәшік, қайшылыр, ұстағыш пышақтар, қасиетті Құран сақталған қаптама, кітап қоюға арналған сүйемен, мөрлер мен карталар сақталған. Кітапхана көшірме және баспа қызметтері, микрофильмдер мен суреттер қызметін көрсетеді.

Көпрүлү кітапханасын ұлы елші Мехмет Көпрүлү 1661 ж. салдырған. Ол Стамбұлдағы тәуелсіз әрлемнің ең алғашқысы үлгісі. Кітапхана баудың ішінде, Чемберлігас алаңының оңтүстік жағында – үш жағы көшелер. Кітапхана кірпіш пен тастан қаланып, күмбезбен көмкерілген.

Атиф Эфенди кітапханасы

Рагиб паша кітапханасы

Хаджи Салим аға кітапханасы

Фагих Файзулла Эфенди кітапханасы

Анкара кітапханасы яғни Ұлттық кітапхана 1946 жылы Халықаралық кітапханалар үйі негізінде қаланған. Ол Түркиядағы ең үлкен кітапханалардың бірі. Ондағы кітаптар қоры 5 бөлікке бөлінген:

1. Ежелгі шығыс және түрік тілдеріндегі қолжазбалар
2. Түрік кітап басып шығару ісінің бастапқы кезіне дейін басылған, қатталуы қолжазбаға ұқсас кітаптар. Оларға: 1729-1928 жж. араб шрифтімен терілген түрік басылымдары
3. 1928 жылдан бастап шыға бастаған барлық түрік басылымдары
4. Түркия туралы барлық тілдердегі кітаптар
5. Барлық білім салары бойынша құнды шетел баспалары жатады.

Сонымен, Түркиядағы түрлі қорларда сақтаулы қазақ даласы перзенттерінің жазба дүниелерін мерзіміне қарай сөз етер болсақ, әуелі әрине Отырар ұландары бірінші орында тұрады. Фарабтықтардың түрлі тақырыптарды сөз ететін араб, түрік, парсы, ағылшын тілдеріндегі еңбектері өз алдына бір төбе. Солардың ішінде энциклопедист ғалым Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) бастаған Отырарлық ойпаздардың орны бөлек.

Фарабтық ойшылдар

1. Әбу Насыр әл-Фараби (870 – 950)

а) Араб тілінде:

- 1) «Рисала фи-л ақл» - «Ақыл (парасат) жайлы трактат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы, Рагиб паша қоры.
- 2) «Китабу-л мантик» - «Логика жайлы кітап». Қолжазба. 194 бет. Топкапы сарайы кітапханасы. Аманат қазынасы.
- 3) «Диуан» - «Жинақ». Қолжазба. Баязит мемлекеттік кітапханасы.
- 4) Рисала танбиһ ала сабил-с сағада – «Бақыт жолын көрсету жайлы трактат». Қолжазба Селжуқ, Анкара университеттері илаһийат факультеттері.

- 5) «Рисала фи-л илми илаһи» - «Тәңірлік ілім жайлы трактат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.
- 6) «Рисала фи-л ахлақ» - «Мінез-құлық жайлы трактат» - Қолжазба, Сүлеймания кітапханасы.
- 7) «Ат-Тағлиқат» – «Афористикалық (жазбалар)». Қолжазба. Рагиб паша, Анкара университеті кітапханасы..
- 8) «Китабу-л Ибара» – «Сөйлем жайлы кітап». Қолжазба. Түркі тарихы және Көпрүлү, Қара теңіз техникалық университет кітапханалары.
- 9) «Китабу-т тахлил» - «Талдау (анализ) туралы кітап». Қолжазба. Қара теңіз техникалық университеті кітапханасы.
- 10) «Фалсафату-л Аристуталис» - «Аристотельдің философиясы». Қолжазба. Стамбұл университеті кітапханасы.
- 11) «Китаб ара аһл әл-мәдинату-л фадила» - «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы жайлы кітап». Бейрут. Насри Надир баспасы. Түрік тарихы ұйымы кітапханасы, Сүлеймания кітапханасы.
- 12) «Рисала фи фадилату-л улум уа-с санаат» - «Ғылым мен түрлі өнерлердің қасиеті жайлы трактат». Қолжазба. Стамбұл университеті кітапханасы.
- 13) «Китаб әл-хуруф» - «Әріптер жайлы кітап». Бейрут 1920, 1986, 1990.
- 14) «Ағмалу-л фалсафия» - «Философиялық жұмыстар». Қолжазба. Қара теңіз техникалық университеті кітапханасы.
- 15) «Китаб ихса әл-улум» - «Ғылымдарды жіктеу жайлы кітап». Қолжазба. Көпрүлү кітапханасы.
- 16) «Уйуну-л масаил» - «Мәселелер қайнары». Қолжазба. Көпрүлү кітапханасы, Рашид Эфенди қоры.
- 17) «Китабу-л қийас» - «Силлогизм туралы кітап». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.
- 18) «Шарх Әбу Насыр әл-Фараби ли-китаб Аристуталис фи-л қийасат» - «Аристотельдің «Силлогизм» кітабына Әбу Насыр әл-Фарабидің түсіндірмесі». Қолжазба. Топкапы сарайы кітапханасы.
- 19) «Әл-Әлфадуил Афлатунийа уа-т такуилус сийасату-л мулукийа» - Қолжазба. Топкапы сарайының кітапханасы, Сүлеймания кітапханасы.
- 20) «Китаб мүсик әл-кабир» - «Музыканың үлкен кітабы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.
- 21) «Китабу-л аурад» - «Дұға жайлы кітап». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.
- 22) «Рисала фи-л хикамиия». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.
- 23) «Китабу-с-сийасату-л маданийа» - «Азаматтық саясат жайлы кітап». Хайдарабат. Мажлис баспасы. Анкара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.
- 24) «Рисала фима йанбағи ан йуқаддим қабла тағлими фалсафа» - «Философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі жайлы трактат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

- 25) «Китабу-л жадал» - «Диалектика жайлы кітап». Қолжазба. Қара теңіз техникалық университеті кітапханасы.
- 26) «Китабу-л мадхал ала синату-л мусика» - «Музыка өнеріне кіріспе кітап». Қолжазба. Рагиб паша қоры.
- 27) «Фусулу-л мадани» – «Азаматтық бөлімдері». – Измир, 1987 Түрік тарихы ұйымы кітапханасы, 19-май университеті кітапханасы.
- 28) «Китаб мусик әл-кәбир» - «Музыканың үлкен кітабы», Париж, 1930 Түрік тарихы ұйымы кітапханасы.
- 29) «Әл-Мадинату-л фадила» - «Қайырымды қала», Стамбул 1956. Түрік тарихы ұйымы кітапханасы.
- 30) «Талхис науамис Афлатун» – «Платон заңдарына қорытынды». Варбург институты, 1952.
- 31) «Рисала ужуһ уа имкан» - «Ұлы Жаратушы және әлем жайлы трактат». Қолжазба. Түрік тарихы ұйымы кітапханасы.
- 32) «Ихса-ул улум» - «Ғылымдарды жіктеу». Стамбул, 1990, Ерзурум университеті илаһийат факультеті кітапханасы.
- 33) «Китабу-л жам байна райайни-л хакимайн» – «Екі басым ойды тоғыстыру (хакимайн) жайлы кітап». Бейрут, 1986.
- 34) «Китабу-л хуруф» - «Әріптер жайлы кітап». Бейрут, 1986.
- 35) «Мабади ала аһл мадинатил фадила» – «Қайырымды қала халқының негізі». Оксфорд, 1985.
- 36) «Таалики ибн уажжа ала мантики-л фадаил» – «Ибн Уажжаның қасиеттер логикасына түсіндірмесі». Бейрут, 1994.
- 37) «Китаб ал-Алфазу-л мустағмала фи-л мантик» – «Қисын ілімінде қолданылатын сөздер». Қолжазба. Ғази университеті кітапханасы.
- 38) «Мантик инда ал-Фараби» - «Әл-Фарабидің логикасы». Бейрут, 1985.
- 39) «Китаб ал-имкинату-л маглата» – «Софизмнің мүмкіндігі жайлы кітап». Қолжазба. Қара теңіз техникалық университеті кітапханасы.
- 40) «Ахсайу-л уикайат». Қолжазба. Маниса кітапханасы. Философия мәселелері сөз болған.
- 41) «Рисалатани фалсафиатани» – «Философиялық екі трактат». Қолжазба. Қара теңіз техникалық университеті кітапханасы.
- 42) «Рисала фи-л масаили мутафаррика» – «Әр түрлі мәселелер жайлы трактат». Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті университеті.
- 43) «Ар-Рисалату зийнунийа» – «Зинун трактаты» Қолжазба. Баязит кітапханасы.
- 44) «Әл-Мабади» – «Негіздер». Қолжазба. Миллет кітапханасы.
- 45) «Китабу-л бурһан» – «Дәлел жайлы кітап» Қолжазба. Миллет кітапханасы.
- 46) «Рисала шарх рисалати-з зийнуни-л кабири-л йунаний» – «Грек үлкен Зинун трактатына түсіндірме». Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

47) «Рисала ад-дуаи-л қалбийа» – «Жүрек дұғасы трактаты». Хайдарабад. Мажлис баспасы. Анкара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

48) «Фусул мунтаза». Қолжазба. Түрік тарихы ұйымы кітапханасы.

49) «Рисала фи ма йасиху уа ма йасиху мин ахками-н нужум» - «Жұлдыздар туралы дұрыс және дұрыс емес үкімдер жайлы трактат». Қолжазба. Мармара университеті. Илаһийат факультетінің кітапханасы.

50) «Китабу Аристоталис фи-л ибари» – «Аристотелдің сөйлем жайлы кітабы». Қолжазба. Түрік тарихы ұйымы кітапханасы.

51) «Шарх фусусу-л хикам» – «Кемеңгерлік меруерті (трактатына) түсіндірме». Қолжазба. Анкара университеті кітапханасы.

52) «Фадилату-л-улум уа-с синаға» – «Ғылымдар мен түрлі өнерлердің қасиеті». Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

53) «Китабу-л фусус» – «Гауһар тастар жайлы кітап». Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

54) «Рисала макалату фи аград ма бада-т табиғат» Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

55) «Рисалату фи исбати-л муфарриқат» – «Бөлушілердің барлығын дәлелдеу» атты трактат. Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті, Сүлеймания кітапханасы.

56) «Китабу-л милла уа нусусу ухра» – «Ұлт және басқа да деректер жайлы трактат». Қолжазба. Түрік тарихы ұйымы кітапханасы.

57) «Ас-Сиясату-л маданийа ау мабаду-л маужудат» – «Азаматтық саясат немесе болмыс әлемінің ережелері». Қолжазба. 19 қыркүйек университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

58) «Әл-Жамиғ байна райи-л хакимайн Афлатун әл-илаһи уа Аристоталис» – «Екі кемеңгердің – Аристотель мен Платонның ойларының жинағы». Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті және Сүлеймания кітапханалары.

59) «Мабади-л фалсафату-л қадима» – «Ежелгі философия негізі». Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

60) «Рисала ли-л муаллими-с сани фи жауаби масаил суйла анһу» – «Екінші мұғалімнің сұралған мәселелердің жауаптарын қамтыған трактаты». Қолжазба. Мармара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

61) Фусус. Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

62) Фусус Кабир. Қолжазба. Миллет кітапханасы.

63) Фусус сағир. Қолжазба. Миллет кітапханасы.

64) Мақала фи мабади-т табиға. Қолжазба. Қожа Рагиб паша қоры.

65) «Зийну-л кабири-л йунани» – «Грек үлкен Зинун». Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті.

66) «Әл-Мажмуғ». «Жинақ». Қолжазба. Түрік тарихы ұйымы кітапханасы. Қолжазба.

67) «Әл-Мадхал ила синағати-л мусиқа» – «Музыка өнері трактатына кіріспе». Қолжазба. Көпрулу кітапханасы.

68) «Тақуиму-с сиясату-л мулкийа уа-л ахлаки-л ихтийарийа» – «Патшалық саясатты және ерікті мінезді түзулеу, дұрыстау». Қолжазба. Көпрүлу кітапханасы.

69) «Ажайбу-н нусус фи тахзибу-л фусус» – «Гауһарларды реттеу ғажайып адамдардың орны». Қолжазба. Анкара университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

70) «Фасл мин китабу-с сиясати-л маданийа» – «Азаматтық саясат кітабының бір бөлігі». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

71) «Рисала фи мабадил-лати биһа әсжам уа-л ағрад» – «Денелер мен (ағрадтардың) негізі саналатын қағидалар». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

72) «Рисала фи-л уахид уа-л уахда» – «Бір мен бірлік жайлы трактат» Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

73) «Рисала фи тафсири китаби-л мадхал фи синағати-л мантық» – «Логика өнеріне кіріспе кітабына тәпсір жайлы трактат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

74) «Әл-Мангику-с саманийа» – «Сегіз логика». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

75) «Әл-Ибара ‘ан аради Аристуталис фи китаби ма бағда-т табиға» Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

76) «Әл-Масаилу-л фалсафийа уа-л ажуиуа ‘анһа» – «Фалсафа мәселелері және олардың жауаптары». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

77) «Әл-Адғийа» – «Дұғалар». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

78) «Әл-Жуғрафия инда-л муслимун» - «Мұсылмандарда жағрафия ілімі». Қолжазба. Харран университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

Бұлардан басқа біршама трактаттар Әбу Насырдың көне грек оқымыстылары шығармаларына жазылған түсіндірмелерінен тұрады.

Иә, Түркия кітапханаларында сөйтіп Әбу Насыр әл-Фарабидің негізінен осындай философия, логика, психология, филология, музыка, географияға қатысты еңбектерінің қолжазбалары сақталған. Түрік ғалымдарының ХХ ғасырдың 50-жылдардан бері Отырар перзенті еңбектерін жиірек зерделеп, тіпті түрік тіліне де аударғаны байқалады. Солардың ішінде Әбу Насырдың «Китабу-л хуруф» – «Әріптер жайлы кітап», «Китабу-т тахлил» – «Талдау кітабы» «Китабу-л ибда» – «Китабу-л кийас» – «Силлогизм кітабы», «Рисала танбиһ ала сабил-с сағада» – «Бақып жолын көрсету жайлы трактат», «Мангиқ инда әл-Фараби» – «Әл-Фарабидің логикалық еңбектері», «Рисалату фи-л ақл» – «Ақыл жайлы трактат» «Фусусул Мадани» - «Азаматтық [саясат кітабының] гауһарлары», «Китаб ара аһл әл-мадинату-л фадила» – «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбектері жиірек ұшырасады. Сондай-ақ оның «Ихса әл-улум» – «Ғылымдарды жіктеу», «Сийасату-л маданийа» – «Азаматтық саясат» секілді шығармаларын да кездестіреміз. Бұлардың бірқатары аз да болса Қазақстандық фарабитанушыларға таныс, бірнешеуі зерттелген және орыс, қазақ тілдеріне тәржімалаған.

Түркияда Әбу Насырдың Бейрутте, Каирде, Теһранда, Хайдарабатта (Үндістан), Оксфордта араб, ағылшын, неміс тілдерінде басылған еңбектері де бар. Француз, ағылшын, неміс, парсы оқымыстыларын түрік ғалымдары сияқты Отырар ғалымының философиялық, логикалық, музыкалық шығармалары көбірек қызықтырған.

Түркияның қолжазбалар қорында Әбу Насыр Әл-Фарабидің Иранның түрлі кітапханалары мен қолжазба қорларында ұшырасатын біраз дүниелері де бар. **Олардың кейбірін өткен ғасырдың 90 жылдары, сол кездегі Ирандағы елшіміз Мырзағай Жолдасбеков әл-Фараби ағындағы Қазақ ұлттық университетіне сыйлағаны есімізде.**

Енді Әбу Насыр әл-Фарабидің тек арабша ғана емес, түрік тіліндегі де шығармаларын келтірейік.

Түрік тілінде

1. «Құран ве Сүннеттен делиллерле иртидат ве мүртедин хукмү» - «Құран және Сүннеттен дәлелдерімен діннен шығу (*иртидат*) және діннен шыққан адамның (мүртәд) үкімі». Қолжазба. Харран университеті илаһиат факультетінің кітапханасы.
2. «Домуз ети» - «Доңыз еті». Қолжазба. Харран университеті илаһиат факультетінің кітапханасы.
3. «Афлатон куралларының өзеті» - «Платон заңдарының мазмұны» 1985.
4. «Аристо фалсафаси» - «Аристотель философиясы». Анкара, 1974, Түрік тарихы ұйымы кітапханасы.
5. «Мутлулугу қазанма» - «Бақытқа жету». Анкара, 1974, Түрік тарихы ұйымы кітапханасы.
6. «Идеал Девлет» - «Идеал мемлекет», «Ал-Мадинату-л Фадила» – «Қайырымды қала». Анкара, 1997 Ерзурум университеті кітапханасы.
7. «Фараби тадкиклери» - «Фарабидің зерттеулері», Стамбұл, 1950, 19-май университеті, илаһиат факультеті кітапханасы.
8. «Әбу Насыр әл-Фарабийн хал уздине макаласи», – Анкара, 1956 Ұлыдағ университеті кітапханасы.
9. «Ас-Сийасату-л мадания» – «Азаматтық саясат» Стамбұл, 1980. Ұлыдағ университеті.
10. «Тарих бойунжа яһуди меселеси». Қолжазба. «Тарих бойынша яһуди мәселесі». Харран университеті.
11. «Илимлерин сайымы» - «Білімдердің жіктелуі». Стамбұл. Маариф баспасы. Мармара университеті. Илаһиат факультетінің кітапханасы.
12. «Узлук Оғлу Фарабинин есерлеринден сечме парчалар» – «Ұзлұқұлы Фарабидің шығармаларынан таңдамалы бөлімдер». Қолжазба. Стамбұл университеті шығыстану институты кітапханасы.
13. «Фарабинин уч есери» - «Фарабидің үш шығармасы». Қолжазба. Проф. Др. Етхем Рухи Пығлалы кітапханасы.
14. «Текник геомери» – «Техникалық геометрия». Қолжазба. Анкара университеті илаһиат факультеті кітапханасы.

15. «Фелсефенин темел меселелери» – «Философияның негізгі мәселелері». Қолжазба. Стамбұл университеті Әдебиет факультеті. Кітапханасы.

16. «Ефлатун иле Аристоталисин гөрүшлеринин узлаштырылмасы» – «Платон мен Аристотель көзқарастарының ұштастырылуы». Қолжазба. Стамбұл университеті Әдебиет факультеті кітапханасы.

17. «Фалсафа өгрениминден өнже билинмеси герекен конулар» – «Философияны үйренуден бұрын білу міндетті тақырыптар». Қолжазба. Стамбұл университеті Әдебиет факультеті кітапханасы.

18. «Фарабинин базы мантык есерлери» – «Фарабидің кейбір логикаға байланысты шығармалары». Қолжазба. Ататүрк мәдени орталығы. Фази университеті илаһийат факультеті кітапханасы.

Ағылшын, француз тілдерінде

1. Al-Farabis Commentary of Aristotles Kitabi Aristotalis fi al-Farabi. Beirut. 1971.

2. Deux Ouvrages inedits fur la Rethozique/ Al-Farabi. Beirut. 1971.

3. Book of letters “Kitabul Huruf” / Abu Nasr al-Farfbi. Beirut. 1970.

4. Al-Farabis Abhadlung der Musterstaat Aus LOnedener und Oxfor. Leiden-Bril, 1895.

5. Philofofy of Aristotle. Beirut, 1961 (түрік тарихы ұйымы кітапханасы)

6. Le Texte Latin Madival du Intellectu of al-Farabi.

7. Farfbis Article on Vacuum. Ankara, 1951.

Түркия қолжазба қорларында Әбу Насыр әл-Фарабидің бізге-бұрын соңды белгісіз боп келген «Тарих бойынша йаһуди мәселелері» атты шығармасы да бар екен.

«Ақыл (парасат) жайлы» 1971 жылы Бейрутта шыққан трактаты «Түрік тарихы ұйымы» кітапханасында, сондай-ақ оның «Риторика» жайлы еңбектері туралы француз тілінде жазылған зерттеу (1971) және «Китабу-л хуруф» - «Әріптер жайлы кітап» атты еңбегі туралы Маһди Михсанның Бейрутта 1970 ж. шыққан монографиясын осы қордан көрдік.

Отырар ұланының Оксфордта 1895 жылы шыққан 85 беттік тағы бір еңбегі және «Фарабидің үш еңбегі» атты түрік тіліндегі шығармасы, «Фусусу-л мадани» – «Азаматтық гауһарлар», «Музыканың үлкен кітабы», 1961 жылы Бейрутте басылған «Әл-Фарабидің философиясы» атты ағылшын, «Әл-Фарабидің музыкасы» атты француз тілінде 1930 ж. Парижде шыққан трактат, «Мадинату-л Фадыла» – «Қайырымды қала» Стамбұлда 1956 жылы түрік тілінде шыққан кітаптар да осы қорда.

Ұлы бабаның «Мадинату-л Фадыла» - «Қайырымды қала» атты трактаты да түрік тіліне аударылыпты. Оның Анкара университетінде талай көшірмелері тұр. Бұған қарап Әбу Насыр Әл-Фараби мұрасын жинау мен зерттеуде түрік бауырларымыздың бізден көш ілгері кеткенін байқамау мүмкін емес.

Сонымен Түркия кітапханалары мен қолжазба қорларына сүйеніп біз Әбу Насыр Әл-Фарабидің 100-ден астам еңбектерін атадық. Ал ұлы ғұлама қанша еңбек жазды? Қанша шығармасы біздің заманымызға жеткен деген мәселеге келсек, орта ғасырларда энциклопедист Отырар перзентінің өмірі мен шығармашылығын жинап, зерделегендер Ибн ан-Надим (X ғ.) Ибн Саид әл-Қурғуби (XI ғ.), әл-Байхақи (1169), Йақұт әл-Хамауи ар-Руми (1229), Ибн Саид әл-Қифти (1248), Ибн Әби Усайбиға (1270), Ибн Халликан (1282), әл-Қазуини (1283), Әбу-л Фида (1331), Аз-Заһаби (1348), Әл-Йафиғи (1367), Ас-Сафади (1383), Хаджи Халифа, Ибн әл-Имад (1657), әл-Акари (1678), соның ішінде Ибн Саид әл-Қифти оның жүзден астам трактаты барын айтумен қатар, аттарын да атаса, Ибн Әби Усайбиға 105 шығармаларының тізімін берген. Олармен біз оқушыларымызды өткен ғасырдың 70 жылдары таныстырғанбыз.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің дүние жүзіне шашырап кеткен туындылары қазіргі кезде де ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Бұл ретте түрік ғалымы аталмыш Ахмет Әгештің еңбегі ересен. Ол Әбу Насыр шығармаларының библиографиясын жасап, Стамбұлда 1951 жылы жарияласа, ал 1973 жылы Исмет Бинарк пен Нежат Сефержиоглу Анкарада «Фараби библиографиясының», біршама толық басылымымен зерттеушілерді таныстырды.

АҚШ-тың Питсбург университетінің профессоры Николас Решер де бұл іске өз үлесін қосқан. Оның 1962 жылы жарық көрген «әл-Фарабидің аннотациялы библиографиясында» Отырар перзентінің 100-ден астам еңбектері, аудармалары аталады. Осы ретте Қазақстандық белгілі психолог ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Құбығұл Жарықбаевтың да еңбегін атап кетуге тиіспіз. Ол да Әбу Насыр шығармаларының библиографиясын көз майын тауысып жасағаны есімізде.

Бірақ Әбу Насырдың өмірі мен шығармаларына арналған әлемдік деңгейдегі бір ізді, біртұтас, толыққанды библиография әлі еш жерде, ешқандай елде жасалған емес.

Біздің соңғы жылдардағы ізденістеріміз бен зерттеулеріміз Отырардан шыққан дара тұлғалардың көп екенін көрсетіп отыр. Мен осы күнге дейін олардың 30-ға жуығын таптым. Солардың Түркиядан табылғандарын мерзімдік тәртіппен қарасақ атақты Әбу Насыр әл-Фарабиден кейінгі екіншісі:

2. Әбу Ибраһим Исқақ бин Ибраһим әл-Фараби (?-961).

Отырарлық бұл ғалымның да өмірі мен шығармашылығы туралы өткен ғасырдың 80-жылдары жазғанмын. Ол Әбу Насыр Әл-Фарабиден соң өмір сүрген. Алғашқы білімді туған елінде алған соң, арман қуып Дамаскі мен Бағдадқа аттанған. Сөйткен Әбу Ибраһим Исхақ араб тіл білімі мәселелерімен айналысып, еңбек жазған. Оның XX ғасырдың 70-жылдары Каирде шыққан шығармасы «**Диуан әл-әдаб фи-л луға**» - «**Тіл жайлы адаб жинағы**» - деп аталады.

«Диуан» - араб тілінің қыр-сырын баяндайтын өте күрделі де бағалы шығарма. Осы дүниені өзіне үлгі ете отырып Махмұт әл-Қашғари «Диуан лұғат ат-түркті» жазған деген болжам бар.

«Диуанды» екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Египеттік Доктор Ахмад Мұхтар Умар мен Ибраһим Анис атты ғалымдар Александрия кітапханасы қолжазба қорынан кездейсоқ тауып, зерттеп, кейінірек 4 том етіп бастырып (1974-1979, 1984) шығарған.

Түркияның Стамбұл университеті, Сүлеймания кітапханаларында «Диуанның» жарияланбаған да қолжазбалары бар. Сондай-ақ бұл ел кітапханаларында «Диуанның» аталмыш басылымдары да кездесті.

Біз Әбу Ибраһимнің біздің заманымызға аталмыш жалғыз-ақ еңбегі жеткен деп есептейтінбіз. Сөйтсек оның күні бүгінге дейін бізге белгісіз болып келген **«Ар-Рихлату-л Хижазийә»** - «Хиджаз сапары» атты шығармасын да бар екен. Ол қолжазба күйінде сақталған, көлемі 395 бет. Харран университеті илаһийат факультетінде тұр. Бұл дүние ғалымның Мекке, Мединеге барған сапарының жай-жапсарын баяндаса керек деп ойлаймыз. Сондай-ақ ұлы данышпанның:

- Рисалату-л зайтунийә. - «Аз-Зайтуна трактаты». Қолжазба. Баязит кітапханасы.
- «Әл-Джауамиғ ли-д» «Диуани-л адаб» - «Диуан әл-адаб жинақтары». Қолжазба. Баязит, Сүлеймания кітапханалары [секілді де еңбектері бар.

3. Әбу Насыр Исмаил бин Хаммад әл-Жауһари әл-Фараби (?-1002)

Араб тілінің көрнекті өкілі саналатын бұл жерлесіміз де Отырарда X ғасырдың шамамен 2 жартысында туылған. Алғашқы білімді де отанында алған. Сосын нағашысы Әбу Ибраһим Исхақтың шақыруымен Бағдад пен Дамаскіге аттанған.

Оның да еңбектері араб тілі мәселелеріне арналған. Әбу Насырдың негізгі еңбегі - «Тадж луға уа сихах әл-арабийә»- «Тіл тәжі және дұрыс (нағыз, шынайы, ақиқат) араб тілі»- деп аталады. Отырарлық бұл ғалым да негізінен араб тілінің лексикографиясын жазумен аты шыққан. Еңбектің Түркия кітапханалары мен қолжазба қорларындағы нұсқалары түрліше аталады.

1. «Сихах фи-л луға» («Ас-Сихах фи-л луға») – «Шынайы (ақиқат) тіл». Қолжазба. Баязит және Сүлеймания кітапханалары.
2. «Сихах әл-муғд». Қолжазба.
3. «Ас-Сихах фи-л луға» - «Шынайы (ақиқат) тіл». Қолжазба. Баязит кітапханасы.
4. «Арудү-л уарақа» - «Өлең өлшемі», Дар әл-Байда, (Касабланка). 1984.
5. «Китаб әл-қауафи» - «Ұйқас жайлы кітап». Эрзурум. Ататүрк университетінің әдебиет факультеті, 1995.
6. «Луғати ванкули» таржама-и сихах-и Жауһари» – «Жауһарлардың сихахының аудармасы» Ван көлі сөздігі». Қолжазба. Селжүк университеті.

7. «Ас-Сихах әл-Джауһари» (Китаб луғати-л Ванкули). Қолжазба. Баязит кітапханасы.

8. «Таржама-и «Сихах-и» Жауһари» - «Жауһари «Сихахының тәржімасы». Қолжазба. Жұмһуриет университеті илаһийат факультетінің қоры.

7. «Ванкули луғаты» – «Ван көлі сөздігі». Қолжазба. Баязит кітапханасы.

8. «Ванкули луғаты» – «Ван көлі сөздігі», Гази унив-і кітапханасы. Қолжазба. Діни басқарма мен, Мармара унивеситетінің кітапханалары.

9. «Ас-Сихах тадж әл-луға уа сихах-и әл-арабийа» - «Тіл тәжі және ақиқат араб тілі», Бейрут, 1990. (6 том).

10. «Ас-Сихах» - «Ақиқат» («Шынайы»). Қолжазба, Миллет, Діни басқарма, Сүлеймания кітапханалары.

11. «Тадж луға уа сихах әл-арабийа» - «Тіл тәжі және ақиқат араб тілі». Қолжазбалар. Мармара унив-і, Сүлеймания кітапханалар.

Түркияның Баязит, Сүлеймания, Мармара, Селжүк, Эрзүрүм университеті мен Түркия Діни істері басқармасы кітапханасында «Тіл тәжінің» бірнеше басылымдарымен қатар қолжазбалары да бар. Сондай-ақ Түркияда оның:

«Аруду-л урақа» - «Өлең өлшемі». Қолжазба.

«Китабу-л қауафи» - «Ұйқас жайлы кітап». Қолжазба.

секілді өлең өлшемдерінің теориясына арналған шығармалары да бар.

Ғалымның Түркия кітапханаларындағы басты еңбегі жоғарыда айтылғандай бірде «Сихах фи-л луға», «Сихах», кейбір нұсқалары «Ас-Сихах таджи-л луға уа ас-сихах әл-арабийа»- деп аталатынын байқаймыз. Бұл еңбекті ХІҮ ғасырда Жетісулық кемеңгер ойшыл Әбу-л Фазл ибн Мұхаммед Жамал Қарши (1230-1315) парсы тіліне аударған. Оны мен өткен ғасырдың 80-жылдары Дағыстан кітапханаларындағы қолжазбалар қорынан көрдім.

2000 жылы оның 700 беттік нұсқасын Каирдегі «Дар әл-кутуб әл-Мысрийадан» алдым. Қазір ол менің жеке қорымда.

«Сихах» 1729 жылы ол араб тілінен түрік тіліне де тәржімаланыпты. Оның бір нұсқасы Түркияның Республика университетінің илаһийат факультетінде сақтаулы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, менің талантты шәкіртім Шынар Қалиева Әбу Насыр Исмаил әл-Жауһаридің өмірі мен шығармашылығына арналған кандидаттық диссертация жазып, Ташкентте 2002 жылы қорғады, кейін ол кітап болып шықты.³

4. Мұхаммед бин Мұхаммед бин әл-Хүсейн Мадж ад-дин әл-Усрушани, Мұхаммед бин Хүсейн әл-Фараби (?-1234)

Отырарлық бұл ғалым да маған мәлім. Ол туралы да мен бір мақаламда жазғанмын. Мұхаммед ХІІІ ғ. өмір сүрген парасат иесі. Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық еңбегіне түсіндірме жазыпты, бірақ ол еңбегі жарияланбаған.

«Әл-Фусул» – «Бөлімдер» («Тараулар»). Қолжазба. Мармара, Баязит Сүлеймания кітапханасы.

«Шарх «Фусус әл-Хикам» – «Кемеңгерлік меруертіне» түсіндірме». Қолжазба. Мармара, Баязит, Сүлеймания университеттері кітапханасыдағы оның барлық нұсқаларында 116 бет және 1291 жыл деген мерзім көрсетілген. Тек Баязит кітапханасындағы нұсқасы 78 бет, Сүлейманиядағысы 106 бет. Соңғыда 1013 жыл деген мерзім тұр.

5. Абдуллаһ бин Мұхаммед бин Йусуф Насыр әл-Фараби әл-Азди.

Оның «Тариху-л уламаи-л Андалус» - «Андалусия ғұламаларының тарихы» атты еңбегінің қолжазбалары Ататүрк университеті илаһийат факультеті кітапханасынан көрдім. Шығарманың тарих мәселесіне арналғанына қарағанда авторы тарихшы сияқты. Отырарлық бұл ойшыл жайлы әлі әзір қолымызда мағлұматтар жоқ.

6. Абд әл-Латиф ибн Ахмад әл-Фараби да біз білмейтін жаңа әл-Фараби.

Оның есімі Мароккода шыққан «әл-Харакату-л фикрийа уа әл-әдабийа фи-л алами-л араби ал-хадис» – «Жаңа араб әлеміндегі ой-пікір және әдеби қозғалыс». Дар әл-Байда. (Касабланка), 1983 атты еңбекке байланысты аталады. Ол Ливанда да жарық көріпті (Бейрут, 1995).

Бұл кітап Жумһурият университеті илаһийат факультеті кітапханасында бар. Өкінішке орай Абд әл-Латифтің өмірі мен шығармашылығы туралы дерек кездестіре алмаудамыз.

7. Әбу-л Фадр Таһир бин Мұхаммед әл-Фараби Заһирдің еңбегінің аты «Диуан» - «Жинақ». Қолжазба. Ол Баязит кітапханасында. Өмірі жайлы мәлімет жоқ.

8. Аға Хасан әл-Фарабидің еңбегінің қолжазбасы «Һидая» тәржімасы» деп аталады. Ол Бұрһан ад-дин әл-Марғинанидің (?-1197) «әл-Һидая» атты Әбу Ханифа мазһабында жазылған еңбегінің тәржімасы секілді. Қолжазба. Автор жайлы мағлұмат жоқ.

9. Бұрһан ад-дин Ахмед бин Абу Хафс бин Йусуф әл-Фараби (?-1174)

«Манзума фи-л муаннасати-с самайя» – «Тіл ережелеріне бағынбайтын әйел тегіне (женский род) қолданылатын қалыптар». Қолжазба. Нури Османия кітапханасы. Араб тілі мәселелеріне арналған.

Тағы бір еңбегі «Заллат әл-қари» – «Намазда Құран оқушының шатасуы» деп аталады. Қолжазба. 121-214 беттер. Сүлеймания кітапханасы.

Бір нұсқасы Санкт-Петербурдағы Шығыстану институтының қолжазбасы қорында тұр. Шығарма қасиетті Құранды дұрыс оқу жайлы сөз етеді. Отырарлық ғалым XII ғасырда өмір сүрген.

10. Әбу-л Қасым Махмуд бин Ахмед әл-Фараби (1130-1210)

Әбу-л Қасым Махмуд бин Ахмед әл-Фараби (Фариаби) энциклопедист Әбу Насыр және тілші екі әл-Фарабилерден кейін Түркия кітапханаларында

еңбектері жиірек ұшырасатын ғалым. Оның шығармалары көбінесе дін мәселелеріне арналған. Әбу-л Қасым әл-Фараби туралы «Қазақ даласының жұлдыздары» (1995) атты кітабымда бұрынырақ жазғанмын.

Енді оның Түркияның кітапханалары мен қорларындағы жазба дүниелерін атап кетейік.

Халисату-л хақайқ. Қолжазба. Хүсейн паша қоры.

Халисату-л хақайқ ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақайқ. Қолжазба. Анталия. Текелиоглу қоры, Сүлеймания кітапханасы.

Әл-Муджаллад әл-аууал мин китаб хашйату-л хақайқ ли-т тасаууф. Қолжазба. Ая София қолжазба қоры.

Халисату-л хақайқ фил фикһ. Қолжазба. Қажы Махмуд Әфенди қоры.

Халисату-л хақайқ ала иьтиқади аһлис-сунна уа-л джамағат. Қолжазба. Нафис паша қоры.

Халисату-л хақайқ уа минһаджу-л абидин. Қолжазба. Рашид Әфенди қоры.

Әбу-л Қасым еңбектері ішінде Түркия кітапханаларында жиі ұшырасатыны жоғарыда айтылғандай «Халисату-л хақайқ» – «Таза шындық». Қолжазба. Ол бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған. Оның бір-бір нұсқалары Атиф Әфенди, Анталия Текелі облысы халық кітапханасы, Бурса аймақтық жазба кітапханасында сақтаулы. Қысқартылған 60 беттік нұсқасы Санкт-Петербуркте шығыстану институтының қорында.

Ал Сүлеймания кітапханасындағысы – «Халисату-л хақайқ лима фиһи мин асалиб ал-д-дақайқ» – «Ғылым түрлері жайлы жазылған таза шындық», - деп толығырақ көрсетіліпті. Бұл да қолжазба. Сүлеймания кітапханасындағы нұсқасы 524 беттен тұрады. Сүлейманиядағы нұсқасында сондай-ақ һижри 997 жыл көрсетілген.

Сүлейманиядағы қолжазбада оның аты-жөні әл-Фараби Имад ад-дин Махмұт бин Ахмед әл-Фараби деп жазылса, еңбектің осы кітапханадағы тағы бір нұсқасында Имад ад-дин Әбу-л Қасым Махмұд бин Ахмед әл-Фараби делініпті. Түркия кітапханаларындағы қолжазбалар нұсқаларының бет саны әр түрлі.

Түркия кітапханаларында Имад ад-диннің тағы басқа да трактаттары бар. Олар:

1. «Мұнтахабат мина-л асилати-л ламиа уа-л ажуиуата-л жамиа» – «Таңдамалы терең сұрақтар мен тұщымды жауаптар». Қолжазба. 63-70 бет. Сүлеймания кітапханасы.

2. «Мұнтахаб мин халисату-л хақайқ» – «Таза шындықтың таңдамалысы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

11. Қауам ад-Дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1356)

Қауам ад-Дин Түркістанның шығысындағы 20 шақырымдай жерде жатқан, орта ғасырларда Итқан (Атқан), қазір Иқан деп аталатын кентте 1286 жылы туылған. 31 жасқа дейін Отырарда имам болған. Сонан соң білім іздеп әуелі Самарқан мен Бұхараға, сонан соң Дамаскіге сапар шеккен. Бағдатта 25 жыл қазы болып істеген. Сонда үйленіп, ұлды, қызды болған. Кейін Каирге

қоныс аударып, сонда біржола тұрақтап қалған. Египеттің орта ғасырлық Ибн Тагриберди, Әл-Макризи, Ибн Касир, ас-Суйути секілді және т.б. ойшылдары ол жайлы қалам тербеген. Өз дүниелерінде олар Қауам ад-Динді «Каирге қала әкімі Саргатмиш (Сыргатмыш) шақырған. Онда Қауам ад-Дин медреседе ұстаздық еткен»,- дейді. Каирге барған бір сапарымда мен сол медресені іздеп таптым. Қазірге дейін ол дін аман тұр.

Иқан перзенті 73 жыл жасап 1356 жылы дүниеден өткен. Оның Каир, Дамаск, Кувейт, Түркия, Голландия, Өзбекстан, Ресей кітапханалары мен қолжазба қорларында оннан астам трактаттары бар.⁴ Біразы менің де жеке мұрағатымда сақтаулы. Ол туралы «Егемен Қазақстан» газетінде «Каир медреселерін басқарған Отырар имамы» атты үлкен мақала жариялағанмын (№20-23, 25 қаңтар, 2006). Иқан жұрты сол дүниені оқып, риза болып, отандас ғалымына арнап Иқаннан мешіт салдырды. Оны 2007 жылдың 27 желтоқсанында арнайы барып ашып, алыста қалған отандас бабаға арнап дұға бағыштадым.

Қауам ад-Диннің Түркияда төмендегідей еңбектері сақтаулы.

«Кауакибу-д дуррийа фи байани набза мина-т тарикати-л бис». Қолжазба. Баязит кітапханасы. Сопылық мәселесіне арналған.

Әл-Муғжизату-н наджибиия шарху-р рисалату-алайиа. Қолжазба. Топқапы сарайы қоры.

«Рисала фи рафиу-л йадайн фи-с салат уа адана жауазиһи индаи-л» – «Намаз кезінде қолды көтеруге болмайтындығы туралы трактат» Қолжазба. Баязит кітапханасы.

«Ғайату-л байан надирату-л заман ахирул-ауан» – «Соңғы кездегі түсіндірменің кемелі әрі заманның сирегі». Қолжазба. Баязит, Сүлеймания кітапханасы.

«Ат-Табйин» – «Ізбасарлар». Қолжазба. Баязит кітапханасы.

Сахабалармен кездескен, олардан дәріс алған және мұсылман боп дүниеден өткендер табииндер-ізбасарлар деп аталған.

«Аш-Шамил фи шархи-л усули-л Баздауи» – «әл-Баздауидің «Усуліне» толық түсіндірме». Қолжазба Сүлеймания кітапханасы. Бір нұсқасы 278, екіншісі 188, үшіншісі 334 бет.

«Ат-Табйин фи шархи-л мунҒахаб фи усули-л мазһаб» – «Ғандамалы мазһаб негіздеріне «ат-Табйин» атты түсіндірме». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Муқаддима фи тарки рафи-л йадайн фи-с салат» – «Намаз кезінде қолды көтеруге болмайтындығына кіріспе». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Қасидату-с сафа кард аш-шир». Қолжазба. Сүлеймания, Нури Османия, Миллет кітапханалары.

«Уардату-л аруах фи-л асмай-л муаннасати-с самайиа». Қолжазба. Сүлеймания, Миллет кітапханалары.

«Ад-Дурар» - «Гауһарлар». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Ал-Мубат фи илми-л хисаб» – «Есеп ілімі». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Манзума дурар ли-л Фараби әл-Итқани» – «Әл-Фараби әл-Итқанидің манзумасы (өлеңдері)».

«Ғайату-л байан уа надирату-л акран фи шархи-л һидая» – «Заманының сирегі әрі ең кемел баяндау – «Һидаяның түсіндірмесі». Қолжазба. Сулеймания кітапханасы. 7 том.

«Қасидату-с сафа» – «Тұнық (таза) жыр (қасыда): Қолжазба. Нур Османия кітапханасы.

«Әл-Лубаб фи илми-л хисаб». Қолжазба. Сулеймания кітапханасы.

«Миғражу-д дирайа ила шархи-л һидая». Қолжазба. Едирне кітапханасы.

«Китаб ат-Табйин фи шарх әл-мунтахаб фи усул әл-мазһаб ли-л Ахсикаси» – «Ахсикасидің «Усул әл-мазһаб» атты кітабына таңдаулы түсіндірмеден тұратын «Табйин кітабы».⁵ Қолжазба. Едирне Селимия кітапханасы.

* * *

12. Әмір Исмаил әл-Хусайни, Әл-Фараби.

- Шарх әл-фусус фи-л хикма. Қолжазба. Сулеймания кітапханасы.

Әбу Насыр әл-Фарабидің белгілі трактатына түсіндірме сияқты.

Кердері тарландары

Оңтүстік Қазақстан және Сыр бойындағы белгілі діни, рухани, ғылыми орталықтардан басқа, кезінде Хорезм өлкесіне қараған қазақтың Кердері қаласы және тайпасынан (руынан) да талай ғұламалар шыққан.

Хорезмге ислам VIII ғасыр басында келді және ол жергілікті халық мәдениетіне үлкен үлес қосты. Елді хорезмшаһтар биледі. Мұнда олардың үш әулеті салтанат құрды. Біріншісінің негізін атақты Махмуд Ғазнауи (970-1030 қалады), олардың билігін ары қарай (1017-1043) Алтыншаш жалғастырды. Бұлардың тарихтағы ең белгілісі Ануштегін Гүршаһ әулеті (1077-1220) еді. Хорезм X-XIII ғасырларда барынша дамыды. Үлкен математик, астроном және географ Мұхаммед әл-Хорезми, (783-850) Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048), Әбу Әли Ибн Сина (980-1037) әлем мақтанышына айналды.

Өлкедегі Үргеніш, Көне Үргеніш, Хиуа секілді т.б. қалаларда мешіттер мен медреселер, керуен сарайлар, өнер мен мәдениет ордалары өмір сүрді. Ғылымның сан-саласына арналған трактаттар дүниеге келді. Араб тілі мен әдебиеті, дін ғылымын сөз ететін, Хорезм мақтанышы аталған Әбу-л Қасым аз-Замахшари (1075-1144) де Хорезмде күн кешті. Атақты астроном, математик Мұхаммед Мұса әл-Хорезми Хиуада тұрып, соңыра Бағдадқа ілім іздеп кетті. Ол алгебраның атасы аталды. Оның еңбектері XII ғасырдан бастап латын тіліне аударылуына байланысты, есімі мен шығармалары Еуропа жұртына кең тарады.

Хорезм уалаятындағы Кердері шаһары мен оның маңындағы Баратакин секілді үлкенді-кішілі кенттер мен қамал, қорғандар және олардан шыққан ғалымдар жайлы әл-Мұқаддаси, Ибн әл-Асир, Ибн әл-Жаузи, ат-Табари, Йақұт әл-Хамауи, Әл-Идриси, ан-Нуайри, ас-Суйути еңбектерінде аз

болса да деректер ұшырасады. Бұдан шығатын қорытынды қазақтың осы күнгі Кердері шаһары мен руына жататын ұландарының арғы ата-бабаларының да Хорезм мәдениетіне қосқан үлесі бар.

Кердері мен кердерилер туралы араб тілді бұлақ көздері не айтады мәселесіне қолда бар деректерге сүйеніп аз да болса тоқтала кетейік.

Әл-Мұқаддаси әл-Башшаридің (X ғ.) «Ахсан ат-тақасим фи мағрифати-л ақалим» – «Аймақтарды танудағы тамаша бөлулер» атты еңбегінде Кердер көп айтылады. Ол Кердерді өзен деп те көрсетеді. «Кердер төрт фарсах жердегі қасаба (кент, қамал) мен өзара жақын жатқан мекеннен басталып бір өзенді құрайды» десе, Мадж ад-Дин Мухаммед Фирузабади (1329-1414) «Әл-Қамус әл-мұхитта» «Шамс әл-аимма» әл-Кердеридің аты-жөніндегі Баратекін (Баратекин) деген жер атауын «бұл сөз аджамдарға (араб емес халыққа) қатысты. Ол Кердердің орталығы», - дейді.

Ал аз-Заһаби (1274-1348) «Сйару-л ағламу ан-нубала» – «Ұлы адамдардың өмірбаянында» – «Баратекин Кердерге бағынышты. Кердер Хорезм өлкесіндегі үлкен аймақ» деп көрсеткен.

(Мақаланың жалғасы келесі санда)

¹ «Нияның» авторы –Сығнақ перзенті Хұсам ад-дин Хұсейн (Хасан) бин Әли бин Хажжас ас-Сығнақи (?–1311/1317).

² «Һидаяның» авторы – Орта Азиялық көрнекті ғалым Әбу-л Хасан Бұрһан ад-дин Әли бин Әбу Бакр бин Абд әл-Жалил әл-Фарғани әл-Марғинани ар-Риштани (?–1197).

³ Қалиева Ш.С. Творчество Исмаила ал-Джаухари и его место в арабской филологии. Алматы, 2006, 140 бет.

⁴ Қауам ад-диннің өмірі мен шығамашылығы туралы: Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қауам ад-дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357). Өмірі мен мұрасы. Алматы 2013, 243 бет.

⁵ «Ат-Табийн» Кувейтте 2 том боп шықты [Қауам ад-дин Әмір Катиб бин Умар бин Әмір Ғази әл-Фараби әл-Итқани әл-Ханафи]. Ат-Табийн. Тахқиқуа дирасат доктор Сабр Наср Мұстафа Усман. Усман. Кувейт 1999, 2 том; 1-том 730 бет; 2-том 640 бет.

Ғалия Қамбарбекова

PhD

ИРАННЫҢ ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫ

Иран әлемдегі қолжазба қорларымен ең бай елдердің қатарына жатады. Ерте ортағасырлардан бастап Иранда тарих, жылнама, дастан, хикая, хат жазу дәстүрі жақсы дамығаны тарих беттерінен мәлім. Олай болса, қолжазбаға бай Иран елінің қолжазба қорларына ұйымдастырылған ғылыми іссапардың да басты мақсаты – Қазақстан тарихы мәне мәдениетіне қатысты парсы және түрік-шағатай тілдеріндегі қолжазбаларды жинау, көшірмелерін дайындап, елге алып келу болатын. Осы мақсатта үстіміздегі жылдың 20-маусымынан шілде айының 11-жұлдызы аралығында Иран Ислам Республикасының астанасы Тегеран қаласына ғылыми іссапар ұйымдастырылған болатын. Осы ғылыми іссапардың нәтижелерімен таныстыру мақсатында шағын мақаланың шеңберінде Ирандағы ең үлкен қолжазба қорларымен, қолжазбалардың сақталуымен, зерттелуімен, осы қорлардың оқырманға қызмет көрсетуімен және іссапар барысында табылған парсы тіліндегі жаңа дереккөздермен өз ойымызды бөлісетін боламыз.

Иран Ислам Республикасының қолжазба қорлары туралы әңгіме қозғағанда бірінші кезекте, осы елде сақталған барлық қолжазбалар бүкіл мұсылман әлеміне ортақ қолжазбалар болып саналатындығын айта кеткен жөн. Ирандықтар өз елінің азаматтары үшін де шетелдерден келетін оқырмандар үшін де бірдей жағдай жасаған және оқырманға сапалы қызмет көрсету үшін барлық жағдай қарастырылған. Екінші кезекте, Иранда қолжазба қорлары көп. Олардың ең үлкен шоғыры және ең бастылары Тегеран қаласында орналасқан. Олар: Тегеран университеті жанындағы Орталық кітапхана мен құжаттар орталығы (Кітапхана-ий Маркази – 40700 қолжазба), Мәжіліс кітапханасы (Кітапхана-йи Маджлис – 43272 қолжазба), Ұлттық кітапхана (Кітапхана-йи Милли – 20882 қолжазба), Қажы Хусейн Малек атындағы ұлттық кітапхана (Кітапхана-йи Малек – 17569 қолжазба), Сипахсалар кітапханасы (7000 қолжазба), Гүлстан музейі және әр университет пен факультеттің қолжазба қорлары. Бұдан басқа Тегеранның жанында орналасқан Құм қаласындағы Аятоллах Марашидің атындағы кітапхананың қолжазба қоры – дүние жүзіндегі ең танымал қолжазба қорларының қатарына жатады. Танымал ирандық ғұлама Аятоллах Марашидің (1897-1990) өмір бойы жинаған қолжазбаларының саны бұл күнде жаңадан толықтырылған қолжазбалармен бірге есептегенде 60000 қолжазбадан асады және бұл күндері Аятоллах Марашидің жеке кітапханасы мемлекет тарапынан тікелей қамқорлыққа алынған.¹

Иранда жоғарыда аты аталған қолжазба қорларынан басқа, Мешхед қаласында орналасқан Остан-и құдс-и Разави қолжазба қоры (Разави –

28446 қолжазба) мен Исфахан, Табриз, Иезд, Хамадан, Гурган, Шираз шаһарларындағы ұлттық кітапхана мен Остан-и құдс-и Разави кітапханаларының филиалдары болып табылатын кітапханалардың әрқайсысы кең танымалдыққа ие және осы қорларда сақталатын мыңдаған қолжазбалар әлемде сирек кездесетін қолжазбалар қорына жатады.

Жалпы, Ирандағы қолжазбалардың ресми саны – 360000 болса, соның 306000 сандық форматқа ауыстырып үлгерген² және бұл күндері қалған бөлігін сандық форматқа ауыстырумен айналысуда.³ Иранда осыншама қолжазбаны сақтау, каталогқа енгізу және зерттеу жұмысының қаншалықты уақыт пен қажырлы еңбекті талап ететінін ескергенде, осы жұмыстың қандай жолға қойылғаны туралы да айта кеткенді жөн санадық.

Иран елі қолжазба мұрасын сақтауды ХХ ғасырдың басынан басталады, атап айтқанда ХХ ғ. 30-жылдарынан бастап, елдегі қолжазба қорларын зерттеу және олардың каталогқа енгізу жұмысы бірте-бірте қолға алына бастайды. Алғашқыда Ирәж Афшар сынды жанкешті ирантанушы-ғалымдар басқарған бір топ ғалымдар елдегі танымал кітапхана қорларында сақталған қолжазбаларды бірте-бірте каталогқа енгізу жұмысын бастайды. Қажырлы әрі ұзақ уақытқа созылған еңбектің нәтижесінде Ирәж Афшар мен Мұхаммад Данешпажух және Исмаил Хакими бастаған ғалымдар Тегеран университеті жанындағы Орталық кітапхананың қолжазба қорында сақталған қолжазбалардың каталогын жарыққа шығарады.⁴ Ұлттық кітапхана қорында сақталған қолжазбалардың каталогын Саййид Абдолла Анвар алғашында 20 томдық, кейіннен 23-томдық каталог етіп жарыққа шығарады⁵. Ал, Мәжіліс кітапханасында сақталған қолжазбалардың каталогын жасауға шамамен бүкіл өмірін арнаған ғалым – Саййид Абдулхусейн Хайери. Ол Мәжіліс кітапханасы қолжазбаларының алғашқы 25-томының жалғыз құрастырушысы болса, қалған томдарын өзге ғалымдармен телавторлықта жарыққа шығарған. Бүгінгі таңда аталмыш қолжазба қорының каталогтар саны 45 томға жеткен.⁶

Енді ғылыми іссапар барысында қол жеткізген дүниелерімізге қайта оралсақ, біз жұмыс істеген қолжазбалар түрлі дәуірлердігі тарихи оқиғаларды қамтитын отандық тарихшылар тарапынан бұрындары зерттелмеген қолжазбалар тобын құрайды. Ираннан әкелінген қолжазбаның негізгі бөлігі Орта Азиядан Үндістанға дейінгі аралыққа соғыс жағдайында барып, сол жерге тұрақтап қалған түрік тайпаларының тарихын зерттеуге арналған шығармалар. Яғни көптеген түрік тайпаларының Иран, Үндістан және одан әрі бүгінгі Түркия, Еуропа елдеріне тарауы, олардың барған жерлеріндегі тағдыры, орналасуы, билік құруы және тілі мен тегін сақтап, ұзақ уақыттар бойында сол елдерде өздерін түрік деп атап, түбінің Орта Азиядан тарағандығын түрлі жылнамаларда жазып қалдырғанын нақты қолжазба деректермен дәйектеу болатын. Осы мақсатта, Селжүк түріктерінен бастап, Хорезмшахтар, моңғол шапқыншылығы кезіндегі түрік тайпаларының Шыңғыс хан қолымен бірге көптеген елдерге жорыққа аттану туралы тарихи еңбектер, (жалайырлар, қыпшақтар, қоңыраттар және т.б.) Әмір Темір әскерімен бірге барған түрік тайпалары, Ақ қойлылар мен

Қара қойлылар билігі тұсындағы түрік тайпаларының тағдырынан сыр шертетін парсы тіліндегі қолжазбаларды табу және олардың көшірмелерін елге алып келу болатын.

Көздеген мақсатамызға сай, жоғарыдағы тақырыпты ашатын бірнеше парсы тіліндегі қолжазбаларды кездестірдік және олардың көшірмелері елге жеткізілді. Олар: «Шахнама-ий Чангизи фарси» (Тарих-и манзума-ий Кашани), «Шахнама-ий Салджуки», «Тарих-и Султан Мухаммад Кутб шах-и», «Тарих-и Кызылбашийан», «Маджма аль-ансаб-и мулк», «Мунтахаб ат-тауарих-и Насири», «Тарих-и али Салджук», «Тарих-и али Салжук, салатини Кирман ва Улжайту», «Тарих-и Жалаладдин Хорезмшах», «Тарих-и Теймуриан ва муғул», «Маджма әл-ансаб», «Ильчи Низам шах-и Даккан», «Жанги Чангиз ва Теймур хан», «Тарих-и Сабуктегин», «Тарих-и ил-и Бахтияри» деп аталады.

Осы шығармалардың әрқайсысынан қазақ хандығы құрылғанға дейін Дешті Қыпшақ, жалпы атау Мавераннахр аталатын жерден шығып, бүгінгі Орта және Таяу шығыс елдеріне жорық жағдайында барып, сол елдерде белгілі бір уақыт аралығында билік құрған, тілі мен шыққан тегін, рулары мен тайпаларының атын сақтаған түрік тайпаларының тарихынан сыр шертетін қолжазбалар. Бұл шығармалар алдағы уақытта зерттеліп, зерделенсе көптеген деректер анықталары анық. Сонымен қатар Ираннан алып келген қолжазбалардың ішінде Орта Азия елдеріне ислам дінінің тарауынан сыр шертетін «Тазкира-ий Бугра-хан» шығармасы мен Қожа Ахмет Ясауидің түркі-шағатай тілінде жазылған «Диуан-и хикмет» шығармасы мен Кум қаласындағы Аятолла Мараши кітапханасынан табылған Әбу Наср Фарабидің қысқа он трактатының көшірмесі әкелінді. Тегеран қаласындағы Малек кітапханасының қолжазба Моғолстан билеушілерінің суреттері бейнеленген «Тасавири салатини Кашғар» деп аталатын сегіз қашғар билеушісінің миниатюралары алып келінді.⁷ Атап айтқанда, Шами Жахан, Суфи Сұлтан, шах Жахан хан мен Ахмад сұлтандардың миниатюралары ерекше назар аударады.

Ал Ираннан әкелінген қолжазбалардың екінші бір бөлігінің қазақ хандарының тарихына тікелей қатысы бар. Ал екінші бір бөлігінің қазақ хандарының тарихына арналған қолжазбалар деп атап көрсетуге болады. Оның ішінде Қасым хан, Тәуке хан және Орта Азия билеушілерінің тарихына арналған қолжазбалар тобын құрайды. Бұл қолжазбалар бұрындары кездескен қолжазбалармен салыстырғанда тың, жаңа және бұрынғыларды толықтыра түсетін қолжазбалар. Қолжазбалардың атына келетін болсақ бәрі де Иран патшаларының тарихына, шығу тегіне арналған шығармалар. Бірақ ирандық жылнамашылар, тарихшылар өз патшаларының тарихын жазғанда олардың Орта Азия билеушілерімен, Дешті Қыпшақ хандарымен арада болған соғыстар, келіссөздер, дипломатиялық хат алмасуларды да қамтып, қай жылы, қайсы билеушімен қандай келісімге келіп, хаттарда не туралы әңгіме болғандығын да жазып отырған. Атап айтқанда олар «Тарих-и алам ара-йи шах Исмаил», «Тарих-и шах Тахмасб-и аввал», «Тарих-и шах Аббаси йекум», «Тарих-и Сафавийа», «Джанг-и шах Исмаил ва Шейбак хан» және

«Тарих-и альфи» деп аталады. Аталмыш қолжазбалардың бәрінде қазақтың даңқты ханы Қасым хан туралы деректер кездеседі. Бұл деректердің бәрі де біз үшін құнды, себебі бұл арнайы тапсырыспен жазылған тарих емес, өзге елдің тарихшысы Қасым ханның – Дешті Қыпшақтың патшасы, ханы, данагөй саясаткері деп атап көрсетуі біз үшін әрі мақтаныш әрі мәртебе. Жаңадан табылған дереккөздерде Қасым ханның сол кезде жүргізген саясаты, өзін ұстауы, сырт келбеті, тіпті атасы Шыңғыс ханға қатты ұқсайтындығы, патшалығының орналасқан жері, діні, мазхабы, киген киімі, отырған тағына дейін аз да болса бірқатар құнды мәліметтер берілген.

Ираннан әкелген қолжазбалардың соңғы топтамасы – дипломатиялық хаттар топтамасы. Бұл осы ғылыми іссапардың ең басты бағыты деп атап көрсетуге болады. Өйткені бұрындары осы тақырыпта жұмыс жасаған болатынбыз, сондықтан осы жолы да осы тақырып төңірегінде қазақ хандарының Иран және басқа да мұсылман елдерінің билеушілерімен жүргізген дипломатиялық келіссөздері мен хат алмасуларын зерттеу басты назарға алынған еді.

Иран шахтарының Орта Азия билеушілері мен Дешті Қыпшақ хандарымен алмасқан хаттарын іздеу барысында Иран шахы екінші Аббас шахтың Тәуке ханға жазған жауап хатының көшірмесі табылды.⁸ Айта кету керек жай, Тәуке ханға Иран шахы Аббас шах екіншінің жазған жауап хаты бұрын, яғни 2004 жылы табылған болатын. Бірақ, бұл жолы тағы басқа бір көшірмесі табылып отыр. Айта кетер жай, ол Иран шахтарының сарайында үлкен бір топ сарай хатшылары жұмыс істейтін болған. Олардың міндеті сарайға келіп жеткен барлық хаттар мен Иран шахының өзге билеушілерге жазған барлық хаттарды, бұйрықтар мен үкімдерді қайта көшіріп, тіркеп, олардың хаттамасын дайындау болған. Сарай хаттамалары қолжазба күйінде, яғни біртұтас кітап ретінде сақталған. Осындай қолжазбалардың аты әртүрлі болып келеді: «муншаат», «мурасилат», «мукатибат» немесе маджмуа ва мақатиб», джунг ва тарасул».⁹

Иранға іссапар барысында осындай қолжазбалардың бірнешеуін ақтара отырып, арасынан Аббас шах екіншінің Тәуке ханға жазған жауап хатының басқа бір көшірмесі табылды және сол қолжазбаның ішінде Аббас шах екіншінің Ресей патшасына, қалмақтарға, Жалаңтөс бахадүрге, Абулғазиз хан, Абдулазиз хан мен Абдолла хандарға жазған хаттарының да көшірмелері бар. Ол дейтін себебіміз бұрынғы табылған хаттың көшірмесіне күдікпен қарасақ, бұл жолға хатқа тарихи дереккөз ретінде қарауға толық негіз бар екендігін аңғартады және бұл келіссөздер мен хаттар туралы бұрыннан белгілі және осы жолы тапқан танымал тарихи шығармаларда да айтылады.

Енді, Тәуке ханның Аббас шах екіншіге жазған жауап хатында не айтылған деген сауалға тоқталайық. Хат 1661-62 жылы жазылып сол кездегі Иранның астанасы Исфаханнан Тәуке ибн Жахангир ханға жіберілген. Хатта Тәуке ханның үлкен атасы Шыңғыс ханға мадақтар айтылып, арадағы достастықтың ары қарай жалғасатынына сенім білдіреді. Хаттың қазақ хандығының тарихын зерттеуге не береді дегенге келетін болсақ, хат жазылған кез қазақ хандығының ең бір қожыраған, қиын кезеңіне тура келеді.

Тарихта Жәңгір хан дүние салғаннан кейін ақтандақтар көбейе түседі, тіпті қазақ хандығының басында нақты кімнің хан болғандығы туралы да деректер екіге жарылады. Бірі Тоғым хан десе, екіншісі Болат хан дейді. Қалай болғанда да 1661-62 жылы Тәуке хан ресми билік басына келмеген кез. Тәуке хан ресми 1680-жылы хан тағына отырады. Олай болса әлі сұлтан бола жүріп, дипломатиялық хаттар жазысқанына қарап, Тәуке ханның алысты болжай білетін және алыс-жақын елдердің билеушілерімен келіссөздер мен дипломатиялық хаттар алмаса отырып, өзіне одақтастар іздегенін, мұсылман билеушілерімен жақсы, достық қарым-қатынаста болуға барлық күшін жұмсағанын байқаймыз.

Сонымен қатар, ешбір жазба дерегі жоқ кезеңнен табылған бір ғана хаттың біз үшін аса құнды және басқа да деректердің табылуы мүмкін екендігін көрсететін дереккөз болып табылады. Яғни, Тәуке хан әлі хан болып сайланбас бұрын дипломатиялық келіссөз жүргізіп өзіне Иран шахтарының назарын аударып, достастықта болса, демек хан тағына отырған соң да хат алмасқан деген деректің бір ұшы көрінеді. Ол туралы парсы тіліндегі дереккөздерде қысқа мәліметтер де кездеседі. Алайда ол хаттар осы жолы уақыт тығыздығына байланысты табылмады, бірақ алдағы уақытта табылуы әбден мүмкін деген ойдамыз. Сондықтан Иран сапарымыз сәтті болды және тың деректермен қатар бұрынғы мәліметтерді толықтыратын, қуаттайтын, бекіте түсетін деректермен оралдық деп толық айта аламыз.

¹ <http://www.imamreza.net/eng/imamreza>

² DNA (Manuscript Database bank), Fihristi mushtaraki nuskhaha-ye khatti. Tehran: Majlis, 2012. – pp. 7-8.

³ www.mssdb.com

⁴ Nosqahā-ye qaṭṭī. Našrīya-ye Ketāb-kāna-ye Markazī-e Dānešgāh-e Tehrān 1-6, 1340-56 Š./1961-77, then as Našrīya-ye Ketāb-kāna-ye Markazī o Markaz-e Asnād-e Dānešgāh-e Tehrān 7-12, 1357-62 Š./1978-83, under the editorship of M.-T. Dānešpažūh, with Ī. Afšār (1-8) and E. Ḥākemī (11-12).

⁵ Fihristi nusakhi khatti kitapkhana-ye milli-ye Iran (v.1-20). Tehran, 1365-1385/1984-1992, under the editorship of S.A. Anwar.

⁶ Fihristi nosakhi khattiy kitapkhaye melli Malek. (v. 1-9). Tehran, 1367-1375/1988-1996, under the editorship of Abdulkhussein Hayeri.

⁷ Fihristi nosakhi khattiy kitapkhaye melli Malek. (v. 1-8). Tehran, 1367-1375/1988-1996, under the editorship of Abdulkhussein Hayeri. – shiffre № 8805.

⁸ Majmua va jung. Ali Rouzati. – Tehran: Majlis. shiffre № 2022. – 240 p.

⁹ Diplomatyalıq hat almasular, hattar jinagi

Ғалия Қамбарбекова

PhD

ҮНДІСТАННЫҢ ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫ

Үндістан елі парсы тілінің екінші отаны және парсы тілінің осы елде ұзақ жылдар бойы ресми сарай тілі болғандығы Үндістан еліне арнайы ғылыми іссапармен баруға себеп болған еді. Үндістан жерінде парсы тілінде сөйлеу, парсы тіліндегі қолжазбаларды сақтау және оларды зерттеу өзінше бір жүйеге түскен. Парсы тіліндегі қолжазбалардың көп болуына да таң қалуға болмайды, себебі кешегі күнге дейін парсы тіліндегі қолжазбаларды, одан кейін литографиялық әдіспен парсы тіліндегі кітаптарды жарыққа шығару жұмысы да ұзақ жылдар бойы Үнді жерінде жалғасып келді. Дүниедегі ең көне парсы тіліндегі қолжазбалар, ең құнды парсы тіліндегі дереккөздер Үнді жерінде жазылып, қайта көшіріліп, түптеліп келгені тарихтан мәлім. Осы орайда мемлекетті бағдарлама аясында Үнді елінің бірнеше қолжазбалар қорына арнайы ғылыми іссапармен барып қайтқан болатынбыз және сол іссапардың нәтижелерімен бөліскенді жөн санадық.

Іссапарға белгілі үндітанушы ғалым, т.ғ.д. Ерекешева Лаура Гибратқызымен бірге бардық. Бұл сапарда бірнеше қолжазба қорларында болып, қолжазбалармен жұмыс істедік. Олар Дели қаласында ирандықтар құрған «Нур» микрофильм орталығы, Хайдарабад қаласындағы соңғы низамдардың резиденциясы болған, бұл күндері Салар-и джанг музейі және кітапханасының қолжазба қоры, Патна қаласында орналасқан Худа Бахш көпшілік оқырманға арналған шығыс қолжазбалар кітапханасы және Рампур қаласында орналасқан Раза кітапханасының қолжазба қорлары болып табылады. Ал, Үндістан сапарынан алып келген ең құнды әрі тың қолжазбалар туралы айтатын болсақ, біріншіден, Қасым ханға қатысты «Тарих-и шах Исмаил» атты қолжазбаны атап көрсету қажет.¹ Авторы Мұхаммад Әли ибн Ноуза, 307 бет. Қолжазбаның түпнұсқасы Лондондағы «Бритиш музейде, ал, бұл күндері Индия офисте сақталған. Ал, шығарманың көшірмесін Делидегі ирандықтар ашқан «Нур» микрофильм орталығының директоры Қажы Хусейн Пири алдыртқан. Қолжазбада соғыс сахналарын бейнеленген 11 миниатюра бар және Қасым хан, Мұхаммад Шейбани хан мен Иран шахы Исмаил шах арасындағы байланыс, келіссөздер мен шайқастар өте қызықты баяндалған және тың деректер қамтылған.

«Нур» микрофильм орталығында сақталған тағы да бір құнды дереккөздің аты – «Силсила ас-салатин» деп аталады.² Авторы – Хаджи Мир Мухаммад Салим, 340 бет. Шығармада қазақ ханы Тәуекел ханға қатысты қызықты мәліметтер кездеседі. Бұл шығармада Тәуекел ханның Бұхара шайқасында Бақи Мұхаммадтың қолынан жарақаттанып, Өндіжанда жан тапсыратыны туралы жазылған. Ал, ең қызығы Қоқан билеушісі Абдурахим ханның Тәуке ханға жазған жауап хаттары. Бұл хаттардың көшірмесінің бірі

осы «Нур» орталығында сақталған болса,³ екіншісі бір көшірмесі – Хайдарабад қаласындағы Салар-и джанг музейі және кітапханасының қолжазба қорында сақталған.⁴ «Инша-йи Тахир Вахид» деп аталатын қолжазбаның ішінде бірнеше хаттар кездеседі. Қолжазбада Тәуке ханға жабылған жауап хаттан басқа Осман императорына, шах Жаханға Иран шахының жазған жауап хаттары бар. Біртұтас қолжазба ретінде сақталған хаттар жинағының қайта көшірілген уақыты 1193/1779 жыл деп көрсетілген. Абдурахим хан және би тарихта белгілі тұлға және оның қазақ ханы Тәуке ханмен арада жүргізген дипломатиялық келісімдері мен хат алмасулары туралы дерек бірінші рет табылып отыр және ол да болса Үндістаннан бір емес екі бірдей қолжазба қорынан. Хаттар шамамен Тәуке ханның өмірінің соңына қарай жазылған, яғни 1717-1718 жылдар.

Бірінші хатта Абдурахим хан Тәуке ханға мадақтар айта отырып, оның елшісі Мухаммад Садықтың хат әкелгендігін, тиісті құрмет елшіге көрсетілгендігі мен қалмақтарға қатысты мәселеде сіз сұраған нәрсе жіберіледі деп барып, бірнеше семсер қылыш сыйға жібергендігі туралы жазады.⁵ Келіп шығатын нәтиже, біріншіден Тәуке хан Абдурахим ханға хат жазған, ал бұл хат соның жауабы. Қазақ ханы хатта не жазғанын білмейміз бірақ жауап хатқа қарап, шамамен әскери көмек сұрағанын аңғарамыз. Екінші хатта Абдурахим хан дұшпаныңыздың басы кесілсін деп бірнеше семсер қылышты жіберіп отырмыз дейді.⁶ Үшінші хатта кейде өз шамасын білмейтін өзбектерге қатысты мәселе сәтімен шешілді деп жазады.⁷ Көріп тұрғанымыздай, жоңғарлардың Шуға дейін енгелеген тұсында өмір сүрген Тәуке ханның хан тағына отырмаған, әлі сұлтан кезінен бастап, өмірінің соңғы күндеріне дейін мұсылман билеушілерімен тығыз қарым-қатынаста болғандығын, дипломатиялық келіссөздер жүргізіп отырғандығын байқаймыз. Айта кетер жай, кейбір зерттеушілер Тәуке ханды біртұтас қазақ хандығын ыдыратып жіберген деп айыптап та жүр. Бірақ менің ойымша мына хаттарға қарап отырып, Тәуке ханды барлық қазақ хандарының ішіндегі «ең мықты дипломат қазақ ханы» деп атауға болады. Себебі өзі таққа отырғанға дейін кім және қалай билегені анық емес хандыққа хан сайланып, таққа отырған соң бақандай 37-38 жыл билікте болады. Егер Тәуке хан мықты дипломат болмағанда 37-38 жыл тұрмақ бір жылда хан болып билік жүргізе алмас еді. Екіншіден, Тәуке ханның билігі туралы айтқанда әдетте «Жеті жарғыдан» басқа айтарымыз жоқ. Ал, енді оның сыртқы саясаты, дипломатиялық келіссөздері мен хаттары туралы мәліметтер келіп қосылды. Бұл мәліметтер тағы да басқа тың мәліметтерді табуға септігін тигізетіні анық.

Әрине, Үндістаннан Мирза Мухаммад Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасының⁸ тағы да бір белгісіз тізімін алып келгенімізді Рампурдағы Раза кітапханасынан «Маджма ал-аулия»⁹ яғни «Әулиелер жинағы» шығармасының табылуы біздің сапарымыздың сәтті болғандығын дәлелдей түседі. Соңғы шығармада Қожа Ахмет Ясауи тариқатының барлық шейхтарының аты мен олардың әрқайсысы туралы қысқаша мәліметтер қамтылған. Ол дегеніміз Үндістан жерінде Ясауия тариқатының өкілдері

болғандығын және осы күнге дейін олардың ізбасарларының болуы мүмкін екендігінен хабар береді. Қорыта келгенде аз уақытқа есептелген іссапарымыз қысқа әрі қиын болса да сәтті болды деп айта аламыз. Алдағы уақытта алып келген әрбір қолжазба аударылып, сарапталып, басқа да дереккөздермен салыстырылып ғылыми айналымға түсетін болады.

¹ Fihristi microfilhaye nosakhi khattiy farsi. Volume II. Shiffre 18/3. Delhi, 1999.

² Fihristi microfilhaye nosakhi khattiy farsi. Volume II. Shiffre 42/1. Delhi, 1999.

³ Fihristi microfilhaye nosakhi khattiy farsi. Volume II. Shiffre 20/8. Delhi, 1999.

⁴ Fihristi microfilhaye nosakhi khattiy farsi. Volume II. Shiffre 22. Delhi, 1999.

⁵ Salar-i jung museum and Library. A catalogue of the Persian Manuscripts in the SJM and library compiled by Muhammad Ashraf. Volume I, History: 22. Hyderabad, 1965. – 125 p.

⁶ Salar-i jung museum and Library. A catalogue of the Persian Manuscripts in the SJM and library compiled by Muhammad Ashraf. Volume I, History: 22. Hyderabad, 1965. – 126 p.

⁷ Salar-i jung museum and Library. A catalogue of the Persian Manuscripts in the SJM and library compiled by Muhammad Ashraf. Volume I, History: 22. Hyderabad, 1965. – 127 p.

⁸ Salar-i jung museum and Library. A catalogue of the Persian Manuscripts in the SJM and library compiled by Muhammad Ashraf. Volume I, History: 81. Hyderabad, 1965.

⁹ Fihristi nuskhahaye khattiy farsi kitapkhanaye Raza. Rampur, volume I. shiffre: 2006, 1417/1996.

Болат Жанаев,

Ирина Ерофеева

Кандидат исторических наук

РЕЗУЛЬТАТЫ НАУЧНОЙ КОМАНДИРОВКИ В НАЦИОНАЛЬНОМ АРХИВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЛМЫКИЯ (Г. ЭЛИСТА, РФ)

Вопросы казахско-калмыцких отношений в казахстанской исторической науке относятся к числу малоизученных. До настоящего времени документальные материалы Национального архива Республики Калмыкия были вне поля зрения казахстанских исследователей. Лишь в феврале 2002 г., несколько дней с этими материалами работал профессор, д.и.н. Жанузак Касымбаев, но в связи с его скоростижной смертью, результаты проведенных архивных изысканий остались неизвестными.

Между тем XVII–XVIII вв. (до ухода большинства калмыков в 1771 г. в Джунгарию) являются периодом не только военных столкновений, но и интенсивных дипломатических и гуманитарных контактов между казахским и калмыцким народами. Об этом свидетельствуют выявленные к. и. н. И. В. Ерофеевой в текущем году в фондах Архива внешней политики Российской империи (г. Москва) письма хана Абулхаира к вдове калмыцкого хана Аюки Дарма-Бале и наместнику Калмыцкого ханства Дондук-Даши. Но после массовой откочевки калмыков из Волго-Уральского междуречья в Сынцзян зимой-летом 1771 г. интенсивность двусторонних казахско-калмыцких взаимоотношений резко снизилась в последующие десятилетия XVIII века.

Поэтому после консультаций с коллегами-историками из Калмыцкого института гуманитарных исследований РАН, а также изучения справочника «Фонды Национального архива Республики Калмыкия 1719–1993 гг.» (2002), нами были выбраны для изучения два фонда Национального архива Республики Калмыкия, содержащих исторические материалы 1713–1771 гг.:

1) Ф. И-36 «Состоящий при калмыцких делах при астраханском губернаторе», 423 дела, 1713–1771 гг. Содержит наиболее ранние и ценные документы НА РК по истории калмыков, фонд полностью оцифрован;

2) Ф. Р-145 «Пальмов Николай Николаевич (1872–1934) – профессор, историк-калмыковед, организатор архивного дела в Калмыкии», 485 дел. Познавательная ценность документов данного фонда заключается в том, что значительная часть его дел содержит тематические выписки из архивных дел XVIII века, утраченных во время ликвидации Калмыцкой АССР и депортации калмыков в 1944 г.

В ходе работы в читальном зале архива нами был составлен перечень дел, в которых содержатся документы по истории казахско-калмыцких отношений в XVIII веке (приложение 1). За период командировки просмотрено 27 дел фонда И-36 (дела № 1, 2, 3, 4, 6, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 39, 52, 101, 103, 109, 163, 168, 173, 180, 197, 201, 202, 205, 250, 252, 390) и 26 дел фонда Р-145 (дела № 28, 65, 74, 119, 140, 145, 155, 156, 161, 167, 192, 218, 219, 228, 234, 236, 257, 263, 264, 269, 285, 318, 332, 335, 342, 343). Полностью скопированы документы 22 архивных дел (7 853 листа) (приложение 2).

Среди комплекса выявленных документов по истории казахско-калмыцких отношений XVIII века наиболее информативными, на наш взгляд, являются письма казахских ханов Абулхаира и Абулмамбета к калмыцкому хану Дондук-Даши (1741–1761), а также письма к тому же лицу знаменитого тархана и батыра Среднего жуза Жанибека Кошкарулы (ум. в 1751). Данные документы будут опубликованы в издаваемых в текущем году двухтомном сборнике документов «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675–1879 гг.», а также в книге ««Между всеми старшинами знатнейший». История жизни и деятельности первого казахского тархана Жанибека Кошкарулы».

Кроме того, достигнута договоренность с руководством Национального архива Республики Калмыкия о совместной публикации в следующем году в четвертом выпуске альманаха «История Казахстана в

документах и материалах» неопубликованных трудов профессора Н. Н. Пальмова о казахско-калмыцких отношениях в XVIII веке. Важной особенностью выявленных материалов личного фонда Н. Н. Пальмова является отражение многих ранее неизвестных аспектов партнерских и междинастических контактов казахских кочевых лидеров с калмыцкими правителями, свидетельствующих о многостороннем характере взаимоотношений между двумя соседними кочевыми народами.

Также было принято решение о публикации в третьем выпуске этого же альманаха обзорной статьи по архивным источникам о казахско-калмыцких отношениях 20–70-х гг. XVII века молодого калмыцкого историка В. Т. Тепкеева, автора монографии «Калмыки в Северном Прикаспии во второй трети XVII века» (Элиста, 2012), который обязался предоставить редакции альманаха ее рукопись к сентябрю текущего года.

В заключение хотелось бы отметить доброжелательное и теплое отношение к нам со стороны руководства и сотрудников Национального архива Республики Калмыкия (дела в читальном зале выдавались без ограничений, не было каких-либо препятствий и при копировании документов). Сотрудниками Научной библиотеки Калмыцкого института гуманитарных исследований (А. Т. Баянова, П. Э. Алексеева) было проведено для нас выявление и копирование публикаций о творчестве Н. Н. Пальмова.

В свою очередь, нами были переданы в дар библиотекам Национального архива и Калмыцкого института гуманитарных исследований работы, изданные лабораторией археографии в городе Алматы за последние пять лет.

ШЫҒЫС МҰРАҒАТЫ

Әбсаттар қажы Дербісәлі

*ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі,
Филология ғылымдарының докторы, профессор*

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖЕНД ЖӘНЕ ЖЕНДТІК ҒАЛЫМДАР

(Мақаланың жалғасы, басы алдыңғы санда)

5. МҰХАММЕД ИБН АЙЙУБ ИБН ХАСАН ИБН НАСЫР ӘЛ-ЖЕНДИ. Өз аты Мұхаммед. Әкесі Аййуб. Бабасы Хасан. Арғы атасы Насыр. Ол туралы мәліметті көрнекті шығыстанушы Әшірбек Момынов жазбаларынан алдық. Ә. Момынов оны «*иәууал және зу-л хиджжа* айлары ішінде [һижраның] 704 (1305 сәуір-шілдесінде) жылы Садр аш-шаһид ([һижраның] 536 ж. (1141 ж.) қайтыс болған) деген атпен белгілі Умар ибн Абд әл-Азиз әл-Бұхаридің Әбу Хафс ан-Насафи ([һижраның] 537 жылы 1142 қ.б.) жинаған екі фәтуа кітабын – «Умдат әл-Фатуа» және Ата ибн Хамза ас-Суғдидің «Фатауасын» Қырым және Сулхат қалаларында көшіріп шыққан»¹ деп жазады.

Қолжазба Түркияның Сүлеймания кітапханасында тұр.²

6. АЛА АД-ДИН ИБН ХАСАН ӘЛ-ЖЕНДИ. Өз аты Ала ад-дин. Әкесі Хасан әл-Женди Ол жайлы деректерді де Ә.Момынов тапқан. Шығыстанушы, тарихшы ғалым: «Ала ад-динді «[һижраның] 758 жылы (1356-1357 ж.) Махмұд ибн Мұхаммед ибн Дауд әл-Луьлуьй әл-Бұхари әл-Афшанджидің «Әл-Хақаиқ фи шарх әл-манзума фи-л-хилафийат ли-н Насафи» атты еңбегін көшіріп шықты» деп жазады.

Қолжазба Татарстанның Г.Ибраимов атындағы Қолжазба, тіл әдебиет және тарих институтының қолжазбалар қорында сақтаулы, №39.³

7. ФАХР АД-ДИН ӘБУ-Л ФАДЛ ЫБАТУЛЛАҒ ИБН МАХМҰД ИБН МҰХАММЕД ИБН АХМЕД ӘЛ-ЖЕНДИ ӘЛ-АДИБ ӘЛ-АЛЛАМА. Оны – «Мауараннаһрдің сол кездегі атақты ғалымдарының бірі» деп жазады ибн әл-Фуати. Көп саяхат шекті. Барған елдерінде ғалымдығымен, адабты терең білетіндігімен аты шықты. Шығармашылық тұлғасын үнемі кемелдендіріп отырды, көп жетістіктерге қолы жетті, ас-Саққақидің «Мифтах әл-улум» - «Ғылымдар кілтін» жаттап алды. Сұлтан Ғазан ибн Арғынның қабылдауына қатысты. Мен оны көрдім, қызметінде болдым. Ол аса тәрбиелі кемел адам еді. Мен оның өлеңдерін жазып алдым. Ол маған одан естігеннің бәрін таратуға рұқсат («иджаза») берді. Табризде [һижраның] 698 жылы *рамадан* айында (1299 ж. маусым-шілде) қайтыс болды. Мен оның өлеңдерін

«Назм ад-дурар ан-насиа фи шуғара әл-миға ас-сабиға» атты кітапта келтірдім», - дейді.⁴ Басқа мағлұмат жоқ.

Ибн Фуатидің оны «әл-адиб әл-аллама» (әдебиетші ғұлама) дегеніне қарағанда ол шынында да аса білімпаз, парасатты жан болса керек.

8. ҚАМАР АД-ДИН ХАСС-БЕК ИБН МАХМҰД ИБН ТЕМІРТАШ ӘЛ-ЖЕНДИ. Өз аты Қамар ад-дин Хасс-бек. Әкесі Махмұд. Бабасы Теміртас. «Қағанның елшісі. Қаған ибн Шыңғыс мемлекетінде әмірлікке қол жеткізгендер қатарында болды. Ол өте абыройлы еді. Өзі қызметінде болғандар назарында болды»⁵ – дейді ибн әл-Фуати. Соған қарағанда ол моңғол шыпқыншылығынан кейін өмір сүрген және Шыңғыс хан ұрпақтарына қатысы болған сияқты.

9. БАБА КАМАЛ ӘЛ-ЖЕНДИ. Ол туралы жазбаларды Махмұт ибн Сулеймен әл-Кафауидің (?-1283) белгілі еңбегінен ұшыраттық. Ол: «Аш-шейх Баба Камал әл-Женди, Алла тағаланың оған кешірімі болсын, - Наджм ад-дин әл-Кубра ізбасарларының бірі еді. Оның тәрбиесінің арқасында ол биік жетістіктерге жетті. Ол оның рұқсатымен (*иршад*) жетекші (муршид) орнын алды, оның қолынан киім киді де осы киімді Түркістан елдерінің мүфтиі, Ахмед Маулана деген атпен таныс әл-Маула Шамс ад-диннің ұлына кигізуді, оны тәрбиелеп оны муршид етуді өсиет етті. Баба Камал Женди шейх Наджм ад-диннің өсиетін орындау үшін Түркістан елдеріне аттанды. Ол жолда кәмелетке толмаған бір топ балаларды кездестірді, олар ойнап отырды, ал кәмелетке толмаған Ахмед Маулана олардың ортасында отырып, олардың киімдерін қарауылдады да олармен ойнамады. Ахмед Маулана Баба Камалды байқап қалып, орнынан тұрды да сәлем берді. Ол: «Ей, Камал Баба, мен басқалардың киімін қашанға дейін күзетіп отырамын, ал сен менің киімімді қашан күзетесің?», - деді. Ахмед Маулананың бұл сөздерін ести салып, Камал Баба оны құшақтай алды. Содан кейін ол оның ата-анасы әл-Маула Шамс ад-дин мүфтидің үйіне тоқтады. Ол баласын өте жақсы тәрбиелеген-ді. Сол себепті ол ең кемел кісі болды. Ахмед Маулана ибн Маулана Шамс ад-дин әл-мүфти Камал Баба Жендидің ең жақын серіктерінің бірі, мақтан етуге тұрарлық қазына мен керемет таңғажайыптардың иесі болды» дейді де әрі қарай тағы да:

«Ан-Нафахатта» былай делінген: «Онымен сөйлескісі, араласқысы келетіндер көп еді. Олар соның арқасында тәрбие және кемелдікке жетті. Солардың бірі Шейх Баба ад-дин Кубра. Ол бауыры Мұхаммед Данишманд Маулананың тәрбиесімен айналысты. Ол Қожа Әбу-л Уафа Хорезмидің қызметіне кірді. Шейхтерінің тізбегі туралы ол өлең жолдарымен айтқан:

Жомарттық Әлиге Ахмед-и Мұхтардан жетті,

Одан кейін құпиялар қазынасы Әлиден Хасанға кетті,

Хабиб Таиға, Мағрұфке, содан соң Сари, Жұнайдке

Әбу Әли, одан кейін Мағрибиге – керемет басшыға, одан кейін,

Әбу Хайсам (яғни Хасан Басриге), Әбу-л Қасымге, одан кейін

Нассаджға

Имам Ахмедке, одан соң Сухраурди мен Аммарға,

Одан жоғарыда аталған ұлы шейхтерден, шейх Наджм ад-динге,

Ол керемет кісілер басшысы және құпиялар көсемі болған,
Одан Камалға, Ахмедке және қоғам мен діннің жарқылы (Баха),
Одан Мұхаммедке, ал содан соң ұлылар мақтаны - Әбу-л Футухқа
жетті.

Бұл тізбек, пәк қайнар көздің, бір құдай қайраткерлері бірінің, қазына иелері мен бақытын тапқандардың қатарында болған Қожа Әбу-л Уафа қызметімен бігеді»⁶ деп аяқтайды ол жайлы деректерін.

10. АХМЕД ИБН МАХМҮД ИБН УМАР ӘЛ-ЖЕНДИ. (Тадж ад-дин әл-Женди).

Орта ғасырлық араб тілді жәдігерліктерде оның аты-жөні Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Женди деп көрсетілген. Тадж ад-дин лақабы деп ойлаймыз. Өз аты Ахмед. Әкесі Махмұд. Бабасы Омар. Женди – оның Сыр бойындағы Женд қаласынан шыққандығын білдіреді. Ол және оның туған жері туралы ибн Хаджар әл-Асқалани, Мұхий ад-дин Әбу Мұхаммед Абд әл-Қадыр әл-Құраши, Имад ад-дин Әбу-л Фида, ибн Хаукал, Ибн Макула, әл-Бағдади, Әбу-л Фида Зайн ад-дин Қасим бин Құтлұбұға, Хаджи Халифа, Тақи ад-дин бин Абд әл-Қадыр әл-Ғаззи әл-Мысри әл-Ханафи және Еуропа оқымыстыларынан Карл Брокельман азын-аулақ деректер қалдырған.

Әбу-л Фида Зайн ад-дин Құтлұбұға ас-Судуни (1396-1474) «Тадж ат-таражимде – «Өмірбаяндар тәжінде» оны «Ахмед ибн Махмұд әл-Женди»⁷ деп жазады да әрі қарай «тілші әл-Мұтарризидің (?– 1213) «Мисбахына» – «Шамына» шарх (түсіндірме) жазған»⁸, - дейді.

Тақи ад-дин бин Абд әл-Қадир ат-Тамими ад-Дари әл-Ғаззи әл-Мисри әл-Ханафи «Ат-Табақат ас-саннийа фи тараджим әл-ханафийасында» «Ахмед бин Махмұд бин Умар әл-Женди тілші имам Бұрхан ад-дин әл-Мұтарризидің «әл-Мисбахына» жазылған шархтың авторы»⁹ деп Құтлұбұға мәліметтерін қайталаған.

Мұхий ад-дин Әбу Мұхаммед Абд әл-Қадыр әл-Құраши¹⁰ мен әл-Маула Ала ал-дин Әли бин Амралла әл-Хумайди әл-мағруф би-ибн Ханнаи уа Қинали Заде¹¹ де осы жолдарға жаңа ештеңе қоса қоймаған.

Исмаил паша әл-Бағдади Хаджи Халифаның «Кашф аз-зунуніне» жазған «һадйату-л арифийин асма әл-муаллафин уа асар әл-мусаннафиин мин «Кашф аз-зунун» атты қосымшасында Женд ғалымына бірнеше жол арнаған. «Әл-Хұджанди. Тадж ад-дин Ахмед бин Махмұд бин Умар әл-Хұджанди. Соңыра әл-Макки әл-Ханафи [һижраның] 700/1300 жылдар аралығында дүниеден өткен. «Әл-Иқлидті», «Аз-Замахшаридің «әл-Мұфассалына» түсіндірме (шархты)» жазды. Оның бір нұсқасы (көшірмесі) Түркиядағы Бруссада «Дар әл-кутубте» – «Кітаптар үйінде» тұр. Сондай-ақ ол әл-Мұтарризидің «әл-Мисбахына» шарх жазды. Сондай-ақ «Уқуд әл-джауһир фи илм тасриф» атты еңбек (те соның қаламынан туған)¹², - дейді.

Умар Рида әл-Каххала «Мұғжам әл-муаллафиинінде» оның аты-жөнін «Ахмед бин Махмұд бин Омар әл-Хұджанди (Тадж ад-дин) тілші, сарф (синтаксис) маманы»¹³ дей келіп, еңбектерін де атаған. Соның ішінде «Шарх әл-Мұфассал ли-з Замахшари саммаһу «әл-Иқлид» – «Аз-Замахшаридің «әл-Мұфассалына» түсіндірме – «әл-Иқлид» деп аталады. «Шарх «әл-Мисбах»

ли-л Мұтарризи уа саммаһу «ад-Дуь» – «Әл-Мұтарризидін» әл-Мисбахына түсіндірме– «Жарық» деп аталады. Осы екі шығарма да тіл мәселелеріне арналған. Олар жіктеу (септеу) ғылымының жауһары»¹⁴, – деп жазады.

Омар Рида мен Исмаил паша әл-Бағдадилердің оның есім тізбегіне Ходженди деген атауды қосқандармен келіспейтіндер де бар. «Меніңше,–деп жазады Египет ғалымы Махмұд Ахмед Абукта ад-Дарауиш,– дұрысы әл-Женди. Оның дәл осы есімі Оксфордтың Бодлян кітапханасындағы қолжазбасынан алынған. Онда Ходжени деген сөз жоқ. Ғалымның аты-жөні барлық қолжазбаларының мұқабаларында сақталған. Ол дүниелер соңында да Ходжени деген атау кездеспейді. Осы пікірді аз-Заһаби (Әбу Абдалла Мұхаммед бин Ахмед аз-Заһаби (?–848/1447) де қолдайды. «Әл-Джауаһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийаның» авторы әл-Құраши (Мухий ад-дин Әбу Мұхаммед Абд әл-Қадыр) де оны Ахмед ибн Махмұд Омар әл-Женди деп жазған»¹⁵, – дейді.

Ахмед әл-Женди XIII ғасырда Моңғол шапқыншылығынан кейін өмір сүрген. Деректерде оның 1301 жылы дүниеден өткені айтылады. Әйтсе де Женд перзенті жайлы қалам тебегендердің ешқайсысының жазбаларынан жерлесіміздің туылған жылы хақындағы мәліметті кездестірмедік. Бірақ Женд туралы бірер жолдық мағлұматтар жоқ емес.

Әбу-л Фида атты Имад ад-дин Исмаил бин Мұхаммед бин Омар орта ғасырлық тарихшы ибн Хауқалға сілтей отырып «Женд кішкентай қала «бұлайда» және «әл-Лубабқа» [Изд ад-дин Әбу-л Хасан Әли бин Мұхаммед бин Абд әл-Карим Ибн әл-Асир әл-Джазри). Әл-Лубаб фи тахзиб әл-ансаб. Бейрут – 2000, 2 том 1-том, 201-бет] сүйеніп «Женд түркілер шекарасы Сайхун тарапындағы қала (балда мин худуд ат-Турк). Одан бірқатар зиялылыр шыққан»¹⁶ - дейді

Ахмед әл-Женди сүннизмнің Ханафи мазһабын ұстанған. Ол туралы Махмұд Ахмед Әли Абукта ад-Дарауиш «Ол өте тақуа, діндар кісі болса керек. Өйткені «әл-Иқлидтің» кіріспесінде «Алла тағаланың кәламын тәпсірлеуде қателесетіндерге қасырет болсын деген»¹⁷, -дейді.

Неміс шығыстанушысы К.Брокельман «Ахмед әл-Женди өз еңбегін [һижраның] 751 (1351) жылы жазған»¹⁸ деген уәж айтқан. Бірақ меніңше бұл қате. Өйткені Ахмед әл-Женди һижраның 700 (1300) жылы қайтыс болып кеткен.

Енді әуелі Ахмед әл-Женди түсіндірме жазған әл-Мұтарризиге тоқталайық.

Әбу-л Фатх (Әбу-л Мұзаффар) Насыр ибн Абу ас-Саид ибн Әли ал-Мұтарриз ал-Мұтарризи танымал тіл, әдебиет және фикһ ғалымы. Хорезмнің Жүржан (Үргенч) қаласында туылған. Әкесі және аз-Замахшаридің шәкірті ал-Мұзаффақ Ахмед ибн Мұхаммедтен дәріс алған. Туған жерінде қайтыс болғандығы үшін «Халифату-з Замахшари» – «аз-Замахшаридің орынбасары» деп аталған. Бірақ кейбір зерттеушілердің Мұтарриз Замахшариден дәріс алған дегені дұрыс емес. Сенімде Мұғтазиланы, амалда Ханафи мазһабын ұстанған әл-Мұтарризи [һижраның] 610 (29-қыркүйек 1213) жылы 11-жумада ал-әууал айында Хорезмде дүниеден өткен.

Еңбектері:

- 1 - «ал-Мисбах».
- 2 - «ал-Муғриб фи тартибил Муғриб».
- 3 - «Ал-Идах».
- 4 - «Шарх Мақамат әл-Харири».
- 5 - «Ал-Иқна».
- 6 - «Мұхтасару ислах әл-мантық»¹⁹.

Сөйтіп әл-Мұттарризидің осындай трактаттарының ішінен Ахмед әл-Женди «әл-Мисбахқа» түсіндірме жазған.

«Әл-Мисбах бірнеше бөлімдерден тұрады. Біріншісі грамматикалық терминдерге, екіншісі «әл-Ауамил әл-лафзийа әл-қиасиа», үшіншісі «әл-Ауамил әл-мағнауийа ас-самағийа», төртіншісі «Әл-Ауамил әл-мағнауийа» деп аталады. Бірақ Хорезмдік әл-Мұттарризидің «әл-Мисбахы» менің қолыма түспеді.

Ал аз-Замахшари ше?

Әбу-л Қасым Махмұд ибн Омар ибн Ахмед аз-Замахшари ал-Хорезми (1075-1144) атақты тәпсірші, кәлам, хадис және тіл білімі саласының ғалымы. Хорезмнің Замахшар кентінде дүниеге келген. Әбу-л Қасым алғашқы ілімді әкесінен және мұғтазила ғалымы Махмұд ибн Жарир ад-Даббиден оқыған. Соңғысынан тіл, әдебиет және ақида бойынша дәрістер алған. Кейіннен Хорасанға, Исфahanға барған. Әбу-л Хасан Әли ибн Мұзаффар ан-Нисабури, Әбу Насыр ал-Исфahани, Мұхаммед ибн Абдуллаһ ад-Дамағани және Ибн аш-Шажари секілді ғалымдардан түрлі салада ілім үйренген. Нижраның 512 (1118) жылы Меккеге барғанда, ондағы түрлі араб тайпаларының тілін, әдебиетін, әдет ғұрпын зерделеген.

Аз-Замахшари көпке дейін Меккеде тұрғандықтан «Жарулла» деп аталып кеткен. Сөйткен ойпаз [нижраның] 533 (1138) жылы Бағдад арқылы Хорезмге оралады.

Оның Танымал шәкірттері Әбу-л Амр ас-Саммар, Әбу-л Махасин әл-Баззази, Әбу Саид Ахмед аш-Шаши, ал-Муаффақ ибн Ахмед әл-Макки және Әбу-л Фазл ал-Баккал²⁰.

Аз-Замахшари трактатында: «Мұсылмандар араб тілін білгісі келеді. Сол себепті олар осы тілдің ұңғыл-шұңғылын ұқсын деп синтаксисті сөз ететін кітап жаздым. Онда грамматиканың барлық саласын қамтыдым»²¹, - дейді.

Шынында аз-Замахшариден кейінірек өмір сүрген ғалымдар: «Егер түркі текті аз-Замахшари болмағанда, арабтар өз тілдерінің қыр-сырын білмей кететін еді» деген жолдар да бар.

Аз-Замахшари шархын жазуда Әбу Әли әл-Фарисидің еңбегін өзіне үлгі еткен. Осы ғалымның «әл-Идахындағыдай» аз-Замахшари де «әл-Мұфассалды» –«Толық мазмұндаманы» төрт тарауға бөлген. Кіріспесінде ол: «Бұл еңбекті мен төрт тарауға бөлдім: Біріншісі «Есімдер», екіншісі «етістіктер», үшіншісі «көмекші сөздер», төртіншісі «олардың өзара байланысына арналған». Әрбір бөлімді мұқият жүйеледім. Әрбір грамматикалық категорияларды тәптіштей түсіндірдім»²², -дейді.

Аз-Замахшари де сенімде мұғтазилашыл болғанымен, амалда Ханафи мазһабын ұстанған. Арғында көптеген еңбектер қалдырған.

Аз-Замахшаридің трактатына өз заманының көптеген ғұламалары атбасын бұрған. Әсіресе оны Хаджи Халифа «Бұл – үлкен тағдырлы кітап. Егер діни жағы болмаса, оны мен мұғжиза дер едім. Қай жерін оқысаңыз да ондағы сөздер жауһарлар сияқты ғажайып. «Әл-Мұфассалға» 40-қа жуық ғалымдар түсіндірме жасаған. Солардың ішінде Ибн әл-Хаджиб, әл-Ақбари, әл-Хорезми, ас-Сахауи, әл-Андалуси, Ибн Йа'иш, әл-Мұстауфи, ас-Сағани және басқалардың аттары аталады. Ал әл-Хаджибтің араб тілінің грамматикасына арналған «әл-Кафиясы» «ал-Мұфассалдың» ықшамдалған түрі. Әл-Хаджиб «әл-Кафияны» есімдер, етістіктер, қосымшалар мен олардың ара-қатынасын сөз етуде, яғни тарауларға бөлу, жүйелеуде аз-Замахшаридің ізімен жүрген»²³ деп жазады.

Аз-Замахшаридің «әл-Мұфассалы» мәні мен маңызы бойынша араб тілі грамматикасына арналған ас-Сibaуайх (?-769) кітабынан кейін екінші орында тұратын дүние.

Сыр бойынан шыққан даңқты ғалым Хұсам ад-дин ас-Сығнақи де Ислам діни және араб тілі грамматикасына арналған трактаттарын жазу үстінде әл-Жендидің еңбектерін қолынан тастамаған. Сығнақтық дарын «Әл-Мұфассалының» алғысөзінде «екі тамаша имамның» (ғалымның) өз түсіндірмелерін жазуда әсері болғанын айтқан. «Біріншісі – «әл-Иқлид. Ол үлкен ғалым, усул шариғатқа, проза мен поэзияға, баяндау мен жүйелеуге (жетік), абзал, кәміл имам (Шараф ад-дин) Ахмед бин Махмұд бин Умар бин әл-Жендидікі, оған Алланың рахымы болсын, жаннаттың сауабы (жазылсын)» дей келе, одан әрі «екінші шархтың авторы – әл-Фахр ад-дин әл-Асфандари, екеуімен де көзі тірісінде кездестім»²⁴, – дейді.

«Әл-Иқлидтің» алғысөзінде Ахмед әл-Женди: «әл-Мұфассалды мен тұтас етіп бір жерге жинақтадым да оны «әл-Иқлид» деп атап, құпия қырсырын және түйінін шештім»²⁵ деп жазады.

«Әл-Иқлид» төрт том болып Бейрутте 2002 жылы 4 том болып жарық көрді²⁶.

«Иқлидтің» – «Кілттің» соңғы тарауында ол «Бұл шығарманы жазған Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Женди. Алла оны және оның ата-аналарын кешірсін және жарылқасын. Бұдан бұрын мен осы шығарманың құлпын және пердемен құпияланғанның сырын ашуға уәде беріп едім»²⁷ – дейді.

Ахмед әл-Женди «әл-Иқлидтің» бастапқы бөлімдерін Бұхарада, жұмада айының басында бітірген. Қалғандарын да осы шаһарда аяқтаған. Ол «Мен Бұхарада жұмысымды бітірдім. Алла Бұхараны барлық бәлелерден және шабуылдардан сақтасын. Бұл туындыны мен осындай еңбекке мұқтаждар үшін жаздым»²⁸, - дейді.

Маңғолдардың жантүршігерлік шабуылдары мен қиратуларынан кейін де Бұхарадан білік, білім ошағы өшпеген. Әсіресе ол Селжұқ сұлтаны Малик шаһ (1072–1092) пен оның түркі текті уәзірі «Саясат наменін» авторы Низам әл-Мүлік (? – 1092) кезінде байқалған. Бұхара жұртының исламды қабыл-

дауына орай ондағы интеллектуалдық өмір мен ғылыми өмір гүл жарды. Бұхара халқы шариғатты, араб тілін білуге тырысты.

Ахмед әл-Жендиді 40-қа жуық ғалымдар аз еңбектерінде атап өткен.

«Әл-Иқлидті» жазудағы мақсат – өзі айтқандай «әл-Мұфассал» секілді күрделі шығарманы білуге құштарлар үшін еңбектің түсініксіз жерлерінің сырын ашып түсіндіру. Трактаттың әдеби жұмбақтарға толы тұстарының пердесін сырып, оны түсінуді жеңілдету. Сол себепті де автор өз туындысын «Иқлид» – «Кілт» деп атаған. Онда сан түрлі тілдік және грамматикалық деректер келтірген. Ол үшін ол қасиетті Құран, хадистер, мақал, мәтелдер және өлеңдерден де үзінділер берген. «Иқлидтің» басқа түсіндірмелерден де артықшылығы осында. Сол себепті де кейінірек өмір сүрген филолог ғалымдардың көпшілігі Ахмед әл-Женди түсіндірмесіне жиірек жүгінген.

Ахмед әл-Женди «әл-Мұфассалға» түсіндірме жасауда ас-Сibaуix (?–796), Ахмад әл-Фарахиди, Йүнис ибн Хабиб, Иса ибн Омар, әл-Ахфаш секілді ғұламалар еңбегіне сүйенген. Мысалы ол ас-Сibaуix трактатын пайдаланғандығы туралы әл-Иқлидте» 120 рет айтқан. Ас-Сibaуixтың пікіріне ол түрлі грамматикалық проблемаларды шешуде, грамматикалық ой-пікірді қорытуда, тұжырымдама жасауда жүгінген. Сөйте тұра ол өз пікірін қорғауға да барынша күш салған.

Ахмед әл-Женди түсіндірмесін жазуда Отырарлық Исмаил бин Хаммад әл-Жауһари әл-Фарабидің «ас-Сихахы» мен Исхақ әл-Фарабидің «Диуан әл-адабына» да мойын бұрған.

Әл-Жауһари «Сихахында»: «Иқлидтің көпше түрі «Ақалид». Ал «Мақалид» деген сөзге келсек, оның көпше түрі «миклад». Ол да кілт. Бірақ ол орақ деген мағынаны білдіреді»²⁹, -дейді. Әл-Женди әл-Мұтаразидің «әл-Мисбахына» жазған түсіндірмесін «әл-Мақалид» деп атаған.

Женди Отырарлық әл-Жауһаридің «Сихахына» сондай кейбір сөздерге түсіндірме беруде жүгінген. Кейде оның «ас-Сихахтан» мысал алғанымен әл-Жауһаридің есімін атамай да кеткен жерлері жоқ емес. Ал Отырарлық Исхақ әл-Фарабидің «Диуан әл-адабына» жүгіну барысында, керісінше одан пайдаланған тұстарының бәріне де сілтеме беріп отырған.³⁰

«Әл-Мұфассалға» – «Толық мазмұндамаға» басқалар да түсіндірме жазған. Солардың ішінде Ахмед әл-Жендидің түсіндірмесі араб тілі грамматикасы бойынша абыройлы бұлақ көзі және ол анықталық саналады. «Әл-Иқлид» одан кейін өмір сүрген Абд әл-Каһир әл-Бағдади «Хизанату-л адаб» – «Әдебиет қазынасы» және «Шафигидің шауаһид шархіне түсіндірмесінде» де пайдаланған.

«Әл-Иқлидті» Баба қажы ат-Туси «Миат камила фи шарх миат амила» – «Жүз себепті түсіндірудегі жүз кемелділік» атты еңбегінің біраз жерінде атап кеткен.

Махмұд Ахмед Әли Абуқта ад-Дарауиш Исмаил паша әл-Бағдадиге сүйеніп Ахмед әл-Жендидің тағы бір шығармасы бар екенін айтқан.

Ол «Уқуд әл-джауһир фи-л илм ас-сарф» – «Морфология» жайлы жауһар жинақ». Тақырыбына қарағанда оны араб тілі грамматикасына арналған деуге болады. Женд перзентінің бұл еңбегін Осман тарихшысы

Хаджи Халифа да пайдаланған. Ол «Кашф аз-зунунде» «әл-Иқлидты» бірнеше жерде атап кеткен.³¹

Жендидің бұл дүниесі поэзиялық еңбек сияқты. Ол қасыдалардан тұрады. Шығарманы автор 15 бөлімге бөлген. Түсінікті болсын деп әр бөлімнен кейін қарасөз жалғасып отырады. Бұл туындылар неміс шығыстанушысы К.Брокельман³² мен Исмаил паша әл-Бағдади³³ кітаптарында да көрсетілген.

«Әл-Иқлидті» оқи отырып, Ахмед әл-Жендидің білімі мен дүниетанымының байлығын, парасаттылығын, ойшылдығын, тіл байлығын байқаймыз.

«Әл-Иқлидте» өте маңызды түсіндірмелер, соны пікірлер, тың ойлар да жеткілікті.

Ахмед Махмұд әл-Жендидің «әл-Мисбахқа» және «әл-Мұфассалға» жазған өте құнды түсіндірмелері мен өз қаламынан туған еңбектеріне жеке зерттеу арнаған жөн.

11. МҰХАММЕД ӘЛ-ЖЕНДИ.

Түркістан мен Отырар, Тараз бен Баласағұндық ғалымдардың оқу, білім іздеп сонау Таяу және Орта Шығыс елдеріне барғаны сияқты кейбір жерлестеріміз бір кездері Рум атанған Кіші Азияға (қазіргі Түркия) да жолай тоқтап, кейде тұрақтапты да. Олардың арасында өзінің алғашқы шығармаларын сонда туындатқандары да жоқ емес. Солардың бірі Женд қаласынан шыққан тағы бір ғалым – Мұхаммед әл-Женди. Ол Жендте XIII ғасырдың басында дүниеге келген сияқты. Бірақ оның Түркияға сапар шеккені моңғол шапқыншылығына дейін бе, әлде кейін бе, ол арасы белгісіз. Тек қайда жүрсе де, ол арман қуған жерлестері секілді ілім, білімге іш тарта қарапты. Әсіресе ол мұбарак Құран мен тафсир, хадис пен суннаға көп көңіл қойған.

Осы ретте айта кетер жайт – моңғол дүрбелеңінің екпінен сескенген ортаазиялық көпестердің бірқатары басқыншылар зобаланы қарсаңында-ақ Иран мен араб елдері, немесе жоғарыда айтылғандай Рум елі атанған Түркияға да қоныс аудара бастаған. Мұхаммедтің ата-анасы да солай істеуге мәжбүр болды ма? Әлі-әзір ол жағын білмейміз.

Сонымен Женд перзентінің өз аты – Мұхаммед. Әкесінің ныспысы – Махмұд. Бабасының есімі де – Мұхаммед. Әл-Женди деген сөз, әдеттегідей оның Женд қаласынан шыққанын білдіреді. Жендтік ғалым түркиялық тұстасы Садр ад-дин Мұхаммед бин Исхақ әл-Кунауидің (1273 ж.қ.б.) «Иғджаз әл-байан фи шарх бағд асрар умм әл-Куран» («Құранның беташар өзегінің кейбір құпия тұстастарына жасалған түсіндірмеге өзіндік мазмұндама») атты еңбегін 1269 жылы автордың көзі тірісінде-ақ көшірген. Соған қарағанда, жерлесіміз жазуының көркемдігіне көз сүрінген үлкен хаттат болған сияқты. Қазақ топырағының перзенті аталмыш дүниені Садр ад-диннің өз өтініші бойынша хаттаған. Тек ол көзі тірісінде-ақ шығармасы көшіріле бастаған бұл тұңғыш автор екенін айтқан жоқ. Әдетте көшірушілер (хаттаттар) бұрынырақ өмір сүріп, шығармаларына сұраныс көбейген қаламгерлер туындыларын көшіретін. Соған қарағанда Жендтік хұснихатшы

Садр ад-дин әл-Кунауимен оның көзі тірі кезіне дос, пікірлес, сұхбаттас болған секілді. Мұхаммед хаттаған Садр ад-дин рисаласын Қожа Мұхаммед Парса атанған Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Хафизиді әл-Бұхари (1420 ж.қ.б.) деген ортаазиялық зиялы Меккеге қажылыққа бара жатқан жолда Түркияға соғып, ала кеткен көрінеді. Жүрген, болған жерлерінде кітап, қолжазбалар жинай жүру әдетінен танбаған Мұхаммед Парсаның өзі де қасиетті Құранға түсіндірмелер жазумен айналысқан ойшыл еді. Сол себепті де оның Женди секілді Сыр бойының азаматы көшірген дүниені отанына ала кетуді жөн көргендігінде дау жоқ.

Қасиетті Құранға дін Ислам пайда болғаннан бастап, күні бүгінге дейін том-том тафсирлер жазылып келеді. Ал жерлесіміз көшірген дүние Құранның, бірінші, беташар сүресіне ғана арналған Садр ад-дин әл-Кунауи тафсирі ойының айқындылығы, жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Осы бір киелі де қасиетті кітаптағы шағын болғанымен айтылар ойдың басым көпшілігін бойына жинап кейде «Умм әл-Қуран» («Құран анасы») деп те аталатын «әл-Фатиха» («Беташар») сүресіне бұдан басқа да, талай-талай түсіндірмелер жазылған. Садр ад-дин тафсирі сөйлемдерінің ықшамдылығымен, дәйектемелерінің дәлдігімен есте қалады. Садр ад-диннің жерлесіміз көшірген трактаты қазір Ташкенттің Қолжазба институтының қорында тұр.³⁴

12. МОЛЛА АХМЕД ӘЛ-ЖЕНДИ.

Біздіңше, ол XV ғасырда өмір сүрген. Өз аты – Ахмед. Молла деген лақабына қарағанда араб тілі мен әдебиетінің, Құран мен тәпсірдің, хадис пен суннаның білгірі болған. Әкесінің ныспысы – Омар. Әл-Женди деген сөз әдеттегідей оның Женділік екенін білдіреді.

Ахмедтің XV ғасырда Жендіте дүниеге келгеніне қарағанда Женді аталған ғасырда да қала дәрежесінде болған. Бірақ одан кейінгі ғасырлардағы жазба әдебиеттерінде оның аты сирек аталады. Женді Сыр бойындағы суармалы жерге орналасқандықтан да, айналасында 50–60 шақырым жерге дейін жиі қоныстанған үлкенді-кішілі қоныстар көп болған. Егіншілікпен айналысқан жамағат өзін-өзі еркін асыраған. Сол себепті де Сыр бойындағы қалаларда рухани, экономикалық өмір жалғаса берген.

Молла Ахмед дін ғылымы, әсіресе хадистерді шүкішия зерттеген ортаазиялық тамаша ғалым Әбу Хафс Наджм ад-дин ан-Насафидің (1069-1142) шығармаларын оқып, оның ойы мен парасатты пікірлері, тұшымды тұжырымдарына көп көңіл бөлген. Жерлесіміз оның «Әл-Ақайд» («жекешесі «Ақида – сенім», «көзқарас») атты ислам дінінің қыр-сырын сөз ететін трактатына жазылған түсіндірмелерге көңілі толмай, оны жалпы жамағаттың тереңірек пайымдап қабылдауын жеңілдету мақсатымен «Хашийа ала шарх» әл-Ақайд ан-Насафийа («Ан-Насафидің «Әл-Ақайддың түсіндірмесіне түсінік») атты еңбек жазған.³⁵

«Ақида» – ислам дінінің хұқылық жүйесі қалыптаса бастаған кезде пайда болған діни әдебиеттің түрі. Ол дінімізді жүйелей түсіндіретін мектептер мен ағымдардың ашылуына орай X–XI ғасырларда Мұсылман Шығысы мен Батысында кең өріс алған. Ақиданың қанат жаюына салт-жора,

хүк, этикалық ережелер жазылған заңдар жинағының кең тарауы да себеп болған.

Женд ғалымының еңбегі қолжазба күйінде Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қорында тұр.³⁶ Санкт-Петербургтағы қолжазбада Молла Ахмед қаламынан туған ол дүниенің 1594–1596 жылы көшірілгендігі айтылады.

Ат-Тафтазани (1322-1390) орта ғасырларда Орта Азияның қоғамдық ғылымдарын дамытуға үлкен үлес қосқан көрнекті ғалым. Ол философия мен логика тілімен әдебиеттің сан қырын сөз ететін «Шарх ат-тасриф әл-араби» («Араб тілінің септеуліктеріне түсіндірме»), «әл-Иршад» («Тағлимат»), «Таһзиб әл-мантик» («Тәрбие логикасы»), «Мақасид» («Мақсаттар»), «Мифтах» («Кілт») іспетті терең ой, парасатты пайымдаулардан тұратын шығармалар жазған. Осындай үлкен ғұламаның ан-Насафи еңбегіне жасаған түсіндірмесін місе тұтпай, оған қосымша түсіндірме жазуына қарағанда жерлесіміз – Женд ғалымы да осал болмаған секілді.

Молла Ахмед ат-Тафтазанидің өзі ғана емес, сонымен қатар оның Адуд ад-дин Алау ад-дин Абд ар-Рахман бин Ахмед әл-Иджи (1281–1355) атты ұстазының да трактаттарына түсіндірме жасапты. Мысалы, ол әл-Иджидің «Әдаб әл-бахс» («Пікірталас өнері») шығармасына «Шарх ала әдаб әл-бахс» («Пікірталас өнеріне» түсіндірме») делінген жеке трактат жазған. Осы дүниенің біздің заманымызға 1567–1568 жылдары көшірілген нұсқасы ғана жеткен.³⁷ Араға біраз жылдар салып Женд ғалымы енді Шамс ад-дин Мухаммад ибн Ашраф ибн әл-Хусейн ас-Самарқанди (1204 ж.к.б.) атты оқымыстының «Рисала фи адаб әл-бахс» («Пікірталас өнері» жайлы трактат»), кейде бірақ «Әдаб әл-Самарқанди» деп аталатын шығармасына да арнаулы түсіндірме жазған.³⁸

Түсіндірме жазу үшін әрине сол пән, сол ғылымның білгірі болу керек екендігі белгілі. Оның үстіне ондай шығармаларға деген ділгірлік те болу қажет. Сол себепті болу керек, Молла Ахмед енді өзінен бұрынырақ ғұмыр кешкен ғалымдар ғана емес, сонымен қатар өз замандастарының да шығармашылығына жиі үңілген. Мысалы, ол XII ғасырдың екінші, XIII ғасырдың басында өмір сүріп, «Шамсия» атты шығарма қалдырған Фахр ад-дин ар-Рази (1210 ж.к.б.) атты ғалым еңбегіне өз замандасы ас-Саид аш-Шариф әл-Журжани (1340–1413) жазған түсіндірмеге қайта түсіндірме жазыпты. Ол «Хашийа ала шарх ар-Рази ала шамсийа» («Журжанидің ар-Разидің ала хашийа әл-Журжани «Шамсиясына» жасаған түсіндірмеге түсіндірме») деп аталады. Жерлесіміздің ол дүниесі де қазір Санкт-Петербургте Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қорында тұр.³⁹ Қолжазбалардан олардың көпшілігінің XVI ғасырда көшірілгендігін байқаймыз. Оны көшіргендер де араб, парсы дүниесі емес, Орта Азияның өз перзенттері.

Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қорында сондай-ақ Женд ғалымының қаламынан туған «Шарх рисала фи-т таухид» («Таухид жайлы трактатқа түсіндірме») атты тағы бір шығармасы бар.⁴⁰ Мұнда ғалымның әкесі ретінде Мұхаммед деген есім көрсетілген.

Сөйтіп енді оның аты-жөні Молла Ахмед бин Мұхаммед бин Умар әл-Женди болып шығады. Сыр саңлағының бұл шығармасының көлемі шағын – 34 бет қана. Мұнда ол бізге белгісіз автордың ислам дінінің мәселелеріне арналған трактатына түсіндірме жасапты.

13. ФАХР АД-ДИН ӘЛИ ӘЛ-ЖЕНДИ.

Жоғарыда біз Женд қаласының Сыр бойындағы рухани орталық ретінде түркі халқының мәдени өмірінде рөлі болғанын, одан түрлі ақындар мен сөз зергерлері шыққанын айттық. Сөйтсек, Женд тек өнер дүлдүлдері ғана емес, сонымен қатар мемлекет қайраткерлері де шыққан қасиетті мекен екен. Сол себепті оны тағы бір қырынан сөз ете келе, одан шыққан Хорезм мемлекетінің бас уәзірі қаңлы текті бір майталман жайлы да айта кеткеннің артықтығы жоқ сияқты.

Сонымен Хорезм мемлекетінің тізгіні Ануштегін әулетіне тигеннен кейін, жоғарыда айтылғандай, әдебиет пен мәдениет дами бастады. Өйткені олар оған үнемі қамқорлық жасады. Хорезм шаһтары өз иелігіне қараған Сыр бойындағы Отырар, Сүткент, Сауран, Асанас, Сығанақ, Аркөк, Үзкент, Женд, Шаһрикент, Баршынкент қалаларының мәдени, рухани өміріне ғана емес, сондай-ақ саяси өміріне де үлкен мән берген. Сол себепті де бұл шаһарларға ең жақын, ең сенімді адамдарын ғана уәзір немесе әкім етіп тағайындап отырған.

Тарихшы, академик З.М.Бунятов жазбаларына қарағанда Хорезм әміршісі Әбу-л Фатх Ер-Арыслан (1156–1172 ж. билік құрған) Женд қаласына әкім етіп туған ұлы Әла ад-дин Текешті (1193–1200) ғана бекітсе, ол да өз кезегінде әке дәстүрін бұзбай, Женд қаласының билеушісі лауазымын сүйікті ұлы Насыр ад-дин Малик шаһқа (1197 ж.к.б.) ғана берген. Бұның өзі Сыр қалаларының Хорезм шаһтары үшін шынында да орны бөлек болғанын білдірсе керек.

З.М.Бунятов Текеш үкіметі кеңесінің бас хатшысы Баһа ад-дин Мұхаммед әл-Бағдадидің шаһ атынан шығарған жарлығында Хорезм мемлекетіндегі Жендтің мән-маңызы әдемі сипатталғанына тоқтала келе «Женд – ислам діні тараған жерлердің маңызды бөлігі және мемлекеттің үлкен аймақтарының бірі, Женд – жеңімпаз мемлекетіміздің негізі және шекарасының басы» деген жолдарын келтіреді. Хорезм шаһы үшін сөйтіп Хорезм секілді Жендтің де алар орны өзгеше еді. Жарлықта сондай-ақ Женд халқы ислам сұлтандығы шекарасының қорғаушысы ретіндегі рөлінің ерекше екендігі атап көрсетіле отырып, әскери қызметке «кәпірлердің» кез келген шабуылына тойғарыс бере алатын тәжірибелі де үздік сарбаздарды ғана тарту қажеттігі міндеттелген.⁴¹

Өйткенмен Жендтің мән-маңызы оның сауда жолының үстінде жатқандығында да еді. Сол себепті де жарлықта алыс және жақын жердегі көпестер мен түркілер һәм жатжерліктердің де бәріне бірдей әділ қарау қажеттігі, олардың саудасына кедергі келтірмей, жолдардың қауіпсіз болуын қадағалап, сауда адамдарының тауарлары мен өздерін де түрлі ашкөздерден қорғау керектігі жайлы шегелей айтылған.

Мұндай жарлық тек Женд үшін ғана шығарылған көрінеді. Өйткені Хорезм шаһтары осы аймақтың саяси, рухани ғана емес, сондай-ақ экономикалық жағдайына, оны адам ресурстарымен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінген. Осы істе де басқаларға қарағанда Текеш Жендке көп қамқорлық жасаған.⁴²

Хорезм шаһтарының Сыр бойындағы тағы бір тірегі – Баршынкент қаласы еді. Оны да өз иелігіне қосу үшін Текеш қолынан келгенінің бәрін де істеген. Біздің заманымызға Баршынкенттің әміршісі етіп өз ұлы Тадж ад-дин Әли шаһты тағайындайтындығы жайлы Текештің жарлығы жеткен. Онда Баршынкент пен осы өлкенің тағы бір елді мекені Рабат Тоғанның Хорезмге қосып алынғаны жайлы ескертіле келе жергілікті тыңшыларды шығысқа, алысыраққа жіберіп, жаудың қапы қалдырмау жағын қадағалау мәселесі тәптіштей тапсырылыпты.⁴³

Текештің баласы Әла ад-дин Мұхаммед Хорезм шаһ пен оның баласы Жалал ад-дин Манкбурнның (Меммұрындының) тұсында да Сыр бойындағы аталған шаһарлар сөйтіп назардан тыс қалмаған. Мысалы ол Отырарға Сафи ад-дин әл-Акраны, Жендке әуелде Наджиб ад-дин аш-Шаһразури мен оның ұлы Баһа әл-Мүлк Хаджиді әкім етіп белгілесе, кейінірек ондай лазауызмға жергілікті тұрғандардан шыққан азаматтарды да тағайындап отырған. Солардың бірі Фахр ад-дин ибн Әбу-л-Қасым әл-Женди еді.⁴⁴

Оның Женди деген туған жерін білдіретін лақабына қарағанда ол Жендтік жергілікті қаңлы тайпасынан шыққан және де ол әуелде Әла ад-дин Мұхаммедтің уәзірі болған. Соған қарағанда ол XII ғасырдың екінші жартысы, яғни шамамен 1170 жылдары дүниеге келген.

Женд зиялысының өз аты жоғарыда айтылғандай Фахр ад-дин. Әкесінің ныспысы Әбу-л Қасым. Ол да – Тұрхан хатын шыққан қаңлылардың белгілі бектерінің бірі еді. Фахр ад-дин шамамен 1210 жылдары өзі туып-өскен Жендте Хорезм шаһтың уәзірі болып тағайындалады. Содан ол қызметін 1220 жылдарға дейін, яғни әміршісі Ала ад-дин Мұхаммед 1220 жылы ауырып қайтыс болғанға дейін жалғастыра берген. Әла ад-дин дүниеден өткен соң әке тағы сұлтан Жалал ад-дин Манкбурнға тиген кезде жерлесіміз тіпті жоғарылатылған. Ол Жендтен шақырып алынып уақытша болса да мемлекеттің бас уәзірі болып тағайындалыпты.

Жалал ад-диннің хатшысы болған тарихшы Шиһаб ад-дин Мұхаммед ибн Ахмед ан-Насауи (?–1249) ол жайлы: «Тағдыр оған қайырымдылық жасап көмектесті. Ол үкімет басында қала отырып, шонжарлар мен үлкен лауазым иелерінің де қолы жетпеген биікке көтерілді. Мұндай мансапқа Хорасан мен Ирактың белгілі бектері мойындағандар мен атағы алысқа кеткендердің бірен-сараны ғана болмаса, басқалар ие бола алмап еді»⁴⁵ деп жазады.

1219 жылдың күзі мен 1220 жылдың басында Отырарды ойрандаған моңғол шапқыншылығы Хорезм мемлекеті мен оның иелігіндегі жерлерге де қауіп төндірмей қойған жоқ. Дос сыналар қысылтаян кез басталды. Жалал ад-дин сарайындағы дос саналып жүргендер сыр бере бастады. Бірін-бірі жамандап, бақай есеп ажырасқысы келгендер байқалмай қалмады. Осындай

пендешіліктің құрығынан Фахр ад-дин де құтыла алмады. Жалал ад-диннің өзі де сергелденге түсіп, апшысы қуырылып жүрген күндердің бірінде өсекші, жарамсақтардың «сізді сатып кетті» деген жаласына сенген сұлтан оны ақыры өлімге қиып тынды.

Сөйткен Жендтің зиялысы шамамен 1225 жылдары Шиһаб ад-дин Мұхаммед ан-Насауи жазғандай «хат түзе алмайтын, әдептілігінің де кемшілігі болды, есеп-қисап жағынан да білікті болмады, сөйтіп ол уәзірлер білуге тиіс нәрселердің бәрінен де мақұрым болатын»⁴⁶ іспетті жала мен өсектің, іштарлық пен күнкілдің құрбаны боп кете берді.

14. ЙАҒҚУБ ӘЛ-ЖЕНДИ.

Йақұт әл-Хамауи ар-Руми «Мұғжам әл-булданда» Жендтің сондай-ақ, ойшыл ғұламалар мен кемеңгерлер, даналар мекені екенін де баса айтқан. «Бұл қаладан, – дейді ол, қазы, белгілі әдебиетші (әл-әдиб әл-алим), көркем ойлы ақын (аш-шаир әл-мунши), тілші (ан-нахуи) Йағқуб бин Ширин әл-Женди шыққан. Әбу-л Қасым аз-Замахшариді оқып, оны сыйлап, оған қадір-құрметпен қарағандар хәм Хорезм тұрғындары. Сонда ғұмыр кешкендер, әуелі оның грамматика мәселелеріне арналған кітаптарын еске алатын».⁴⁷

Йақұт ар-Руми деректеріне қарағанда жерлесіміз Жендті моңғолдардан қиратқанға дейін өмір сүрген, бірақ бір өкініштісі Йақұт жазбаларында оның туылған және қайтыс болған жылдары көрсетілмеген. Өмірі мен шығармашылығы жайлы да жоғарыдағы жолдардан басқа мағлұмат жоқ десек те оның белгілі ақын, машһүр әдебиетші, тіл білімі ғылымына байланысты көптеген кітаптардың авторы екендігі күмәнсіз.

Оның өз аты – Йағуб. Әкесінің есімі Шырын. Әл-Женди деген сөз әдеттегідей оның Жендтік екенін білдіреді. Осындай атақ-даңққа бөленгеніне қарағанда, ол шынында да терең білімді, өз кезеңінің үлкен данышпаны, парасат иесі болған. әрине өзге де жерлестері секілді ол өз шығармаларын сол кездегі өнер мен білім, ғылым тілі – араб тілінде туындатқан.

Йақұт тағы бір «Китаб әл-мүштарик уағдан уа-л муфтарик сұққан» атты еңбегінде Йақұб ибн Ширан әл-Женди туралы тағы да бір жолдық берек айтқан. Ол «әл қәди Йақұб ибн Ширан әл-Женди әл-әдиб әл-Фадил Әбу-л Қасым аз-Замахшаридің ең жақын ізбасарларының (ағиан ал-асхаб) бірі. Ол Хорезмнен 10 күндік (ашара аййам) жерде орналасқан түркілер аумағындағы үлкен қала Жендтен шыққан» деп жазған. Басқа дерек келтірмеген.

Йағқуб сөйтіп Жендтік жерлесімізді Хорезмдік Әбу-л Қасым аз-Замахшаридің замандасы дейді. «Хорезм мақтанышы» («Фахр әл-Хауаризм») деген атақ алған Әбу-л Қасым Махмұд бин Умар ибн Мұхаммед әл-Хорезми аз-Замахшари (1075–1144) – өлмес, өшпес, тамаша трактаттар жазған хорезмдік үлкен ғұлама болғандығын жоғарыда айттық. Оның көптеген шығармалары жоғалдыға саналғанымен, «Рабиғ әл-Аббар», («Тақуалар көктемі»), «Әл-Қашшаф ан дақайқ ат-танзил» («Тылсымның ақиқатын түсіндіретін кітап») ⁴⁸ атты басқа да еңбектері біздің заманымызға жеткен. Олардың бірқатары қазір Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институты мен Ташкент Қолжазба институтының қолжазба қорында тұр. Бірнешеуі жарияланып, баспа бетін көрді.

Аз-Замахшари дегеннен шығады, 1993 жылдың жазында мен Жапонияның халықаралық университетінің шақыруы бойынша Токиода болдым. Университет ғалымдары мен ұстаздарына қазақ халқының әдебиеті мен мәдениеті, тілі мен тарихы туралы араб тілінде бірнеше лекция оқыдым.

Оны сонда докторантурада оқып жүрген судандық Мұхаммед Йасин деген жігіт қолма-қол ағылшын тіліне аударып тұрды. Дәріс бітіп, сұрақ-жауап, пікір алысу кезінде өзін Мацумото деп таныстырған профессор:

– Сіз хорезмдік Жаралланы білесіз бе? – деп сұрап қалды.

– Иә... иә, Жаралла дегеніңіз Әбу-л Қасым аз-Замахшари ғой!

– Дұрыс айтасыз. Жаралла аз-Замахшаридің лақап аты. Мен сол ғалым шығармашылығын зерттеп жүр едім.

– Араб тілін қайдан білесіз?

– Ирандағы Мешһед университетін бітірдім. Өзім парсы тілі мен әдебиетінің маманымын. Ал ондай мамандық иелеріне араб тілін білу міндетті екені өзіңізге де мәлім ғой. Мені орта ғасырлардағы Хорезм мәдениеті қатты қызықтырады. Мешһед, Тегһран кітапханаларынан Жаралла Замахшари еңбектерінің қолжазбаларын көп ұшыраттым. Қазір ол туралы кітап жазып жүрмін. Инша Алла, шықса, сізге біреуін жіберуге уәде етем, – деді сөзінің соңында.

Жаралла демекші, Хорезм әдебиеті мен мәдениеті тарихында қазақ халқының да өзіндік орны бар. Өйткені Хорезм өркениетін жасау ісіне халқымыздың қаңлы, қыпшақ және т.б. тайпалары мен олардың өкілдері де қолқабыс еткен. Өкінішке орай, осы мәселе ғалымдар назарынан тыс қалып келеді. Егер реті келсе, кітабыңыздың бір тарауын осы мәселеге арнасаңыз екен, – дедім мен профессор Мацумотоға.

Дүниенің қиыр шеті деп есептелетін Жапония зиялысының Орта Азия мен Қазақстанның «оқыдым, білдім, толдым» дейтін ғалымдарының өзі де біле бермейтін Жаралла Замахшариді зерттесем деген ниеті, оған деген ынта-ықыласы мені ризашылық сезімге бөледі.

Аз-Замахшари туындылары ұрпақтарына жетіп қауышқанымен, Женд ойшылының еңбектері әлі күнге дейін қолымызға түспей келеді. Мүмкін ол моңғолдардың жойқын шабуылына ұшырап қираған қалаларымыз секілді құм астында қалды ма? Әйтсе де оның жинақтары мен әдеби зерттеулерін, грамматикалық қағидалары мен тұжырымдары топталған трактаттарын іздей берген жөн. Ғалым шығармаларының Иран мен Ауғанстан, Түркия мен Сирия. Ирак пен Египет кітапханаларының қолжазба қорында жатуы да әбден мүмкін.

15. МАХМҮД БИН УСМАН ӘЛ-ЖЕНДИ. Өз есімі – Махмұд. Әкесі Усман әл-Женди. Оның «Мақалат ала-л мисбах» - ««Шамшырақ» (кітабына) қатысты мақалалар» атты дүниесі Түркияның Афийон Гедик, Ахмед Паша кітапханасында сақтаулы. Автор жайлы дерек жоқ.

16. АХМЕД БИН УМАР БИН УСМАН ШАРАФ АД-ДИН ӘЛ-ЖЕНДИ. Өз аты – Ахмет. Әкесі Умар (Омар). Бабасы Усман Шараф ад-дин әл-Женди. Оның «Шарху-н најдийат» атты еңбегі бар. Қолжазбасы

Түркияның Баязит мемлекеттік кітапханасында сақтаулы. Авторы жайлы деректер жоқ.

17. БАЯНИЙ СИНАБИ ӘЛ-ЖЕНДИ. Оның еңбегі «Китаб шарх Дервиш» - «Дәруиш түсіндірме кітабы». Ол Түркияның Измир Ұлттық кітапханасында сақтаулы. Автор жайлы дерек жоқ.

18. ТАДЖ деген атпен белгілі **АЙЙУБ ИБН ТАҒИР ИБН УЗАЙР ИБН ҺАРУН ӘЛ-ЖЕНДИ (?-?)**. Өз аты Аййуб. Әкесі Таһир. Бабасы Узайр. Арғы атасы Һарун әл-Женди.

«Тадж ад-дин» деген атпен белгілі Аййуб ибн Таһир ибн Узайр ибн Һарун әл-Женди [һижраның] 596 жылы 5 *рабиғ әл-аууалда*/22 желтоқсан 1199 жылы өзінің пайдалануы үшін [һижраның] 536/1141 ж. өлтірілген Садр аш-Шаһид⁴⁹ деген белгілі Хұсам ад-дин Умар бин Абд әл-Азиз ибн Маза әл-Бұхаридің «Шарх адаб әл-қәди ли-л Хассаф»⁵⁰ - «Хассаф үшін қазының әдабына түсіндірме» атты шығармасын көшіріп шыққан. Ол қазір Стамбұлда Сүлеймания кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.

Бұл еңбек әл-Джандидің диплом жұмысы еді. Ол бойынша Бұхараның мұхтасибы^{51*} Захир ад-дин Әбу Бакр Мұхаммед ибн Ахмед ибн Умар әл-Бұхаридің (?-1222) Әбу Ханифа мазһабы бойынша хұқықпен айналысуына иджаза беруге хақысы болды. Ол туралы Захир ад-дин әл-Бұхаридің өз қолымен кітап мұқабасының ішіне жазған иджазасының мәтіні куәлік етеді. Кітап мұқабасының ішкі бетінде Захир ад-дин әл-Бұхаридің осы кітапты үш бағыт бойынша, яғни:

- Әкесі, қазы, ұстаз Бади ад-дин Ахмед ибн Умар әл-Хафизден, ал кітап авторының өзінен (Садр аш-шаһидтен);

- Шараф ад-дин Умар ибн Мұхаммед ибн Умар әл-Ақили әл-Ансариден, ал ол шығарма авторының өзінен;

- Тадж ад-дин Умар ибн Масғұдтан, ал ол қазы Джалал ад-дин Әбу-л Махамид Хамид ибн Мұхаммед ибн Ахмедтен, ал ол еңбек авторынан риуаят етуге хақысы барлығы айтылған.

Сонымен Женд орта ғасырларда жиырмаға жуық ойпаздарды өмірге келтірген.

¹ Ислам энциклопедиясы. Стамбұл 1993, VII-том, 361-362-беттер.

² История Казахстана в арабских источниках. III том. Извлечения из сочинений XII-XVI веков. «Дайк-Пресс» 2006, 190-бет.

³ Сонда, 195-бет.

⁴ Камал ад-дин Әбу-л Фадл Абд ар-Раззақ бин Ахмед әл-мағруф би-ибн әл-Фуати аш-Шайбани. Маджмағ әл-адаб фи мұғджам әл-алқаб. Тегран 1415//1374=1995, 6 том; 3-том, 224-бет.

⁵ Сонда, 3-том, 461-бет.

⁶ Махмұд ибн Сүлейман әл-Кафауи. Катаиб ағлам әл-ахиар мин фукаһа мазһаб ан-Нуғман әл-Мұхтар. Сүлеймания кітапханасы, Раисул куттаб, №690 (Қолжазба). Сондай-ақ: «История Казахстана в арабских источниках» III том. Извлечения из сочинений XII-XVI веков. Алматы, «Дайк-пресс». № 2006, 156-157 беттер.

⁷ Өбу-л Фида Зайн ад-дин Құтлубұға. Таж ат-тарджим. Дамаск 1992, 125–бет.

⁸ Сонда, 125–бет.

⁹ Тақи ад-дин Абд әл-Қадир ат-Тамими ад-Дарри әл-Ғаззи әл-Мисри әл-ханафи. Ат-Табакат ас-саннийа фи тараджими әл-ханафийа. Рияд 1983, 4 том; 2-том, 103-бет

¹⁰ Мухий ад-дин Өбу Мұхаммед Абд әл-Қадир әл-Құраши. Өл-Джауаһир әл-мурийа фи табакат әл-ханафийа. Рияд 1988, 5 том; 1- том 329-бет

¹¹ Өл-Маула Ала ад-дин Өли бин Амралла әл-Хумайди әл-мағруф би-ибн әл-Ханнаи уа Қинали заде. Табакат әл-ханафийа. Дирасат уа тахқиқ ад-дуктур Мухий һилал ас-Сирхан. Бағдад 2005, 180-бет.

¹² Исмаил паша әл-Бағдади. Һадйату-л арифийн асма әл-муаллифин уа асар әл-мусаннафин мин «Кашф аз-зунун». Бейрут 1992, 5-том, 102-бет.

¹³ Умар Рида Каххала. Муғжам әл-муаллафиин. Бейрут (шыққан жылы көрсетілмеген), 15 том; 1-том 172–бет.

¹⁴ Сонда, 2-том, 172-бет.

¹⁵ Ахмед ибн Махмуд ибн Омар әл-Женди. Өл-Иқлид. Шарх әл-Мұфассал. Бейрут 2002, 4 том.

¹⁶ Имад ад-дин Исмаил бин Мұхаммед бин Умар әл-мағруф Өбу-л Фида. Тақуим әл-булдан. Бейрут 1840, 489-бет; Изз ад-дин Өбу-л Хасан Өли бин Мұхаммед бин Мұхаммед бин Абд әл-Карим ибн әл-Асир әл-Джазри. Өл-Лубаб фи таһзиб әл-ансаб. Бейрут 2000, 2 том; 1-том 201-бет.

¹⁷ Ахмед ибн Махмуд ибн Омар әл-Женди. Өл-Иқлид шарх әл-Мұфассал. Бейрут 2002, 4-том; 1-том, 23-бет.

¹⁸ Brockelmann Carl. Geschichez dez arabischen Litteratur. Leiden

¹⁹ Ahmet Ozel. Hanefi fikh alimleri. Ankara 2006, 61-бет.

²⁰ Сонда, 46-бет.

²¹ Таж ад-дин Ахмед бин Махмуд бин Омар әл-Дженди. Өл-Иқлид шарх әл-Мұфассал. Бейрут 2002, 4 том; 1-том 29-бет.

²² Сонда.

²³ Ахмед әл-Женди. Өл-Иқлид. Шарх әл-Мұфассал. Бейрут 2002, 4 том, 1-том, 27-бет.

²⁴ Сонда.

²⁵ Сонда.

²⁶ Ахмед әл-Женди. Өл-Иқлид. Шарх әл-Мұфассал. Бейрут 2002, 4 том. 1-том 544 бет; 2-том 1105 бет; 3-том 1665 бет; 4 том 2320 бет. Зерттеп, басуға дайындаған доктор Махмуд Ахмед Өли Абукта ад-Дарауиш.

²⁷ Сонда.

²⁸ Сонда.

²⁹ Исмаил бин Хаммад әл-Жауһари. Ас-Сихах. Таж әл-луға уа сихах әл-арабийа. Бейрут 1990, 6 том;

³⁰ Өбу Ибраһим Исхак әл-Фараби. Диуан әл-адаб. Муғжам луғауи тураси. Реттеп, басуға дайындаған Адл Абд әл-Жаббар аш-Шатий. Бейрут 2003, 1 том, 791 бет.

³¹ Өл-Маула Мұстафа бин Абд Алла әл-Құстани ар-Руми әл-ханафи аш-шаһир би-мулла Катиб әл-Челеби уа-л мағруф би хаджи Халифа. Бейрут 1992, 1708-1709-беттер.

³² Brockelmann Carl. Geschiste der Arabischen Literatur.

³³ Исмаил паша әл-Бағдади. Һадиату-л арифийн асма әл-муаллафин уа асар әл-мусаннафин мин «Кашф аз-зунун». Бейрут 1992, 5-том, 102-бет.

³⁴ Садр ад-дин Мұхаммед бин Исхақ әл-Кунауи. Иғдяз әл-байан фи шарх бағд асрар умм әл-Қуран. (Ташкент Қолжазба институтының қоры.)

³⁵ Молла Ахмед әл-Женди. Хашийа ала шарх әл-Ақайд ан-Насафйа (Ташкент Қолжазба институтының қоры.)

³⁶ Молла Ахмед әл-Женди. Хашийа ала шарх әл-Ақайд ан-Насафйа (Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қоры).

³⁷ Молла Ахмед әл-Женди. Шарх ала адаб әл-бахс. (Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қоры).

³⁸ Молла Ахмед әл-Женди. Шарх ала адаб әл-бахс. (Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қоры).

³⁹ Сонда.

⁴⁰ Молла Ахмед бин Мұхаммед әл-Женди. Шарх рисала фи-т таухид. (Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазба қоры).

⁴¹ Бунятов З.М. Государство хорезмшахов – ануштегинидов (1097–1231). М., 1986, 45-бет.

⁴² Бунятов З.М. Государство хорезмшахов – ануштегинидов (1097–1231). М., 1986, 45-46-беттер.

⁴³ Сонда

⁴⁴ Сонда ... 96-бет.

⁴⁵ Бунятов З.М. Государство хорезмшахов – ануштегинидов (1097–1231). М., 1986, 97-98-беттер.

⁴⁶ Сонда, 98-бет.

Сондай-ақ ол туралы: Мұхаммед ан-Насауи. Жизнеописание султана Жалал ад-дина Манкбурны (Пер. с араб. З.М. Бунятова. Баку 1973) атты кітаптан да оқуға болады.

⁴⁷ Йақұт әл-Хамауи ар-Руми. Мұғжам әл-бұлдан. Бейрут 1995, 2-том, 168-бет.

⁴⁸ Әбу-л Қасым аз-Замахшари. Рабиғ әл-абрар. (Ташкент Қолжазба институтының қоры.); Соныкі: Рабиғ әл-абрар фима иасир әл-хауа тир уа-л факар. (Ташкент Қолжазба институтының қоры.); Соныкі: Әл-Қашшаф ан-дақайк ат-танзил. (Ташкент Қолжазба институтының қоры).

⁴⁹ Brokelman С. Geschichte der Arabischen Litteratur. 1-band, Weimar 1898, 374-бет.

⁵⁰ Brokelman С. Geschichte der Arabischen Litteratur. 1-band, Weimar 1898, 173-бет.

⁵¹ Brokelman С. Geschichte der Arabischen Litteratur. 1-band, Weimar 1898, 380-бет.

Тадж ад-дин әл-Женди туралы мағлұматтар: История Казахстана в арабских источниках. III том. Извлечения из сочинений XII-XVI веков. Алматы «Дайк-Пресс» 2006, 188-189-беттер бойынша берілді.

*Мұхтасиб – инспектор (базардағы таразыны бақылаушылар).

ДЕРЕКТАНУ

Жулдыз Тулибаева

Доктор исторических наук, профессор

ИЗУЧЕНИЕ АРАБОГРАФИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: СТАНОВЛЕНИЕ ОСНОВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ

Использование арабографических источников в подлиннике для исследования истории Казахстана имеет уже свою традицию. Изучение истории казахов на основе данных восточных источников началось с XIX века. Из числа русских ученых, живших в Казахстане и внесших значительный вклад в изучение истории казахского народа, необходимо отметить востоковедов В.В. Григорьева (1816-1881) и В.В. Вельяминова-Зернова (1830-1904), находившихся на службе в Оренбургском крае.

По просьбе В.В. Григорьева Мирза Шамс Бухари в 1860 г. написал сочинение «О некоторых событиях в Бухаре, Коканде и Кашгаре». Сочинение описывает события, происходившие в Бухаре, Коканде и Кашгаре в первой половине XIX в. и написано на основе личных воспоминаний и наблюдений. Труд Мирза Шамса Бухари известен в научном мире и привлекался в качестве источника для ряда исследований. Материал по истории казахов содержится в рассказе, описывающем Туркестан, его жителей, близлежащие населенные пункты и расстояния между ними. В 1861 году В.В. Григорьевым был издан текст сочинения, дан его русский перевод с примечаниями.¹

Были опубликованы работы В.В. Вельяминова-Зернова, составившие эпоху в изучении тюркских народов. В.В. Вельяминов-Зернов в своих источниковедческих исследованиях по истории казахов собрал и изучил множество исторических известий из различных арабографических источников. Ученый перевел и опубликовал на русский язык извлечения из следующих сочинений: «Тарих-и Рашиди» Мирза Мухаммад Хайдар доглата, «Тарих-и аламара-йи Аббаси» Искандара-мунши, «Шараф-наме-йи шахи» Хафиз Таныша Бухари и другие.

Из всех трудов ученого особое значение для изучения истории Казахстана имеет вторая часть его книги «Исследования о касимовских царях и царевичах», в которой систематизированы и изложены ранее неизвестные сведения восточных авторов о Казахском ханстве.² В вышеназванной работе были использованы значительные извлечения из «Шараф-наме-йи шахи», которые были им опубликованы в восточном тексте и русском переводе.

Вельяминов-Зернов В.В. был одним из первых исследователей истории казахов, использовавших в своем труде метод сопоставления восточных и

русских источников. Его труды, широко охватывавшие самые разнообразные вопросы, не утратили своей научной ценности и поныне. Взаимоотношения казахов с центрально-азиатскими ханствами в 40-60-х годах XVIII в. хорошо отражены в двухтомном труде В.В. Вельяминова-Зернова о казахах, основанном на архивных данных административных учреждений Оренбургского края.³

Одним из первых исследователей истории казахов, использовавших сочинения персоязычных и тюркоязычных авторов, по праву считается Чокан Валиханов (1835-1865). Он ввел в научный обиход много самых различных источников: архивных документов, собранных в Омском областном архиве, рукописей восточных авторов, вывезенных им из Кашгара и приобретенных в казахских степях, преданий и легенд казахов о своем историческом прошлом, эпиграфических материалов.

Для изучения истории кочевых народов, по мнению Чокана Валиханова, особую важность имеют их легенды, эпос, предания, песни.⁴ В своих работах он стремился привлекать сведения, заимствованные из самых различных источников, перепроверяя и сравнивая их.⁵ Валихановым были сделаны подборки копий архивных документов по взаимоотношениям казахских жузов с ханствами Средней Азии. Подлинники многих из этих документов до настоящего времени не сохранились, в связи с чем особенно повышается научная ценность трудов Чокана Валиханова.⁶

Сопоставляя свидетельства разноязычных источников с данными казахского фольклора и эпоса, Чокан Валиханов составил генеалогические таблицы родословных казахских ханов и султанов. Скрупулезно собранный и тщательно систематизированный материал позволил исследователю рассмотреть исторически сложившийся институт ханства в его развитии на примере правления хана Среднего жуза Аблай-хана (1771-1781).⁷

В дневниках и рукописях Чокана Валиханова много внимания уделяется вопросу завоевания Казахстана Россией, особенно внешнеполитическим причинам, ускорившим вхождение края в состав Российской империи. Дневники его путешествий в практически неизвестные науке того времени страны: Семиречье, Киргизию, Восточный Туркестан, – труды и исследования по истории и культуре тюркских народов были высоко оценены его современниками, и не утратили своей научной значимости и в наши дни.

Академик В.В. Бартольд (1869–1930), востоковед, за годы своей научной деятельности написал 685 монографий, рецензий и заметок, многие из которых непосредственно затрагивают историю казахского народа и Казахстана. Среди них особо следует отметить такие исследования, как «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» (1900), «Сведения об Аральском море в низовьях Сыр-Дарьи с древнейших времен до XVII в.» (1902), «История Туркестана» (1922), «Киргизы: Исторический очерк» (1927), «История культурной жизни Туркестана» (1927), «История турецко-монгольских народов» (1928).

История казахского народа – неотъемлемая часть истории народов центральноазиатского региона, многообразные связи с которыми на протяжении веков оставили глубокий след в материальной и духовной жизни казахов. В этой связи особо хочется отметить труды В.В. Бартольда, посвященные исследованию вопросов истории развития ислама – «Культура мусульманства» (1918) и «Ислам» (1918).

В исследовании «Очерк истории Семиречья», В.В. Бартольдом впервые дано систематическое изложение истории края и его населения в связи с историческими судьбами других народов Средней и Центральной Азии, начиная с истории усуней (II в. до н.э.) и до падения державы калмыков (1758 г.). Глава «Могулистан» из этого труда, где раскрываются основные вехи политической истории Могулистана, до сих пор не утратила своего научного значения. В.В. Бартольд подробно осветил события похода Амир Тимура в 1389 г. в Семиречье против Енге-торе и Хизр-Ходжа-хана. Маршрут его похода сохранился во всех подробностях с упоминанием многочисленных топонимов. В.В. Бартольд дает переводы ряда географических названий.

Во многих своих исследованиях В.В. Бартольд особое внимание уделял культурным взаимоотношениям между кочевыми племенами, обитавшими в степях Казахстана, и оседлым народом Центральной Азии, развитию и роли торговли между ними, проникновению ислама в среду кочевников.

В значительной степени развитие и становление исторической науки в Казахстане в 20-е годы было связано с именем академика В.В. Бартольда. Выдающийся востоковед, он обогатил казахстанское востоковедение своими трудами и исследованиями, заложив фундамент научного изучения истории Центральной Азии в раннем средневековье, разработав многие вопросы средневековой истории Казахстана, введя в научный оборот разнообразные арабграфические источники.

Труды ученого отличала высокая источниковедческая культура: главной задачей историка, по его мнению, было выявление причинной связи между фактами, прежде всего выделяя те, «которые ему кажутся необходимыми для объяснения и систематического изложения фактов в их совокупности и достоверность которых может быть точно установлена».⁸

Прекрасно зная и владея материалом уже выявленных и известных источников по истории Центральной Азии и Казахстана, В.В. Бартольд приложил немало усилий к обнаружению новых материалов во время своих поездок в Среднюю Азию, зарубежные страны Востока и Западную Европу. Итоги этих поездок были опубликованы им в ряде статей-отчетов о командировках в Туркестан, заметках «О некоторых восточных рукописях», «Занятия в туркестанских библиотеках и музеях летом 1925 г.» и другие. Ценный библиографический материал по истории Центральной Азии и Казахстана содержится в работе «История изучения Востока в Европе и России», до сих пор не потерявшей научного значения.

Многие исследования В.В. Бартольда посвящены изучению персидских и тюркских сочинений и документов. Значение данных документов для изучения истории казахского народа очень велико. Любое научное

исследование, посвященное истории казахов и Казахстана, выполненное без привлечения данных вышеупомянутых восточных рукописей, не будет полноценным, не сможет воссоздать подлинной истории казахского народа.

Бартольд В.В. был исследован и введен в научный оборот сочинение Му'ин ад-Дина Натанзи «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» под названием «Аноним Искендера», которому он посвятил ряд своих статей.⁹ Ряд трудов ученого посвящены исследованию творчества Хафиз-и Абру.¹⁰

В 1423 г. Хафиз-и Абру по заказу Мирзы Байсункара начал писать сочинения в четырех томах. Для изучения истории Казахстана особое значение имеет четвертый том сочинения, имеющий свое название «Зубдат ат-таварих-и Байсункари», главы посвященные походу могулистанского правителя Туглук-Тимур-хана на Мавераннахр, походы Тимура на Могулистан, сражениям Тимура с дуглатским эмиром Камар ад-Дином, посольству Шахруха в Китай и его прохождении через Могулистан в 20-х гг. XV в., походу Мирзы Улугбека в Могулистана. В отличии от своих предшественников, Хафиз-и Абру сообщает более полные сведения по Могулистану. Издатель персидского текста Низам ад-Дина Шами «Зафарнаме» Ф. Тауэр приводит многочисленные выдержки из «Зубдат ат-таварих» Хафиз-и Абру, дополняющие и уточняющие данные Низам ад-Дина Шами.¹¹

В 1919 г. при Киргизском (Казахском) Военревкоме был создан Историко-статистический отдел, преобразованный через год в Академцентр при Наркомпросе республики. В 1925 г. на его основе учреждено «Общество по изучению Казахстана», основной задачей которого явилось сбор и сохранение документов и их научное использование. В 1921 г. создан Главархив Казахской АССР, преобразованный вскоре в Центральный архив республики. При поддержке ученых Москвы и Ленинграда в центре и на местах готовились национальные кадры историков.

Становление и развитие исторической науки в Казахстане в 30-е годы связано с именем С.Д. Асфендиарова. Ему принадлежит разработка многих фундаментальных проблем истории Казахстана.¹²

В 1932 г. была создана Казахстанская база Академии наук СССР. В структуре базы была организована историко-археологическая комиссия, преобразованная в 1935 г. в сектор. По мере развития казахстанской исторической науки становилось очевидным, что для исследования многих кардинальных проблем истории казахского народа, необходимо самое широкое привлечение восточных хроник и сочинений, составители которых сами являлись не только свидетелями, но и участниками описываемых событий. Вследствие чего, в 30-е годы С.Д. Асфендиаровым совместно с П.А. Кунте был подготовлен сборник извлечений и материалов из книг античных и восточных авторов, содержащих ценные сведения по истории Казахстана и Центральной Азии.¹³

Это был значительный шаг вперед в расширении источниковой базы исторических исследований в Казахстане.¹⁴ Пособие содержало отрывки из сочинений: «Тарих-и Рашиди» Мирза Мухаммад Хайдар доглата, «Тарих» Шах Махмуд ибн Мирза Фазил чораса, «Раузат ас-сафа» Хондемира,

«Михман-наме-йи Бухара» Рузбихана, «Зубдат ал-асар» Абдаллах ибн Мухаммад ибн Али Насраллахи, «Абдаллах-наме» Хафиз Таныша, «Тарих-и аламара-йи Аббаси» Искандара-мунши, «Шаджара-йи турк ва могул» Абу-л-Гази, «Джами ат-таварих» Кадыр Али-бий ибн Хушум-бий джалаири.

В 1939-1941 гг. группой востоковедов издаются работы по истории Средней и Центральной Азии: «Материалах по истории каракалпаков и Каракалпакии»,¹⁵ «Материалы по истории туркмен и Туркмении»,¹⁶ «Сборник материалов по истории Золотой Орды».¹⁷ В изданных трудах также содержатся сведения по истории казахов и Казахстана.

В 1938 г. Казахская база АН СССР была преобразована в Казахский филиал Академии наук СССР. В 1942 г. в его составе создан Институт языка, литературы и истории. В 1946 г. Казахский филиал Академии наук СССР был преобразован в Национальную Академию наук Казахской ССР. При Отделении общественных наук был создан сектор востоковедения. В исторической науке Республики начался качественно новый этап. Одним из важных направлений исследований казахстанских историков и востоковедов становится источниковедение. Была проделана большая работа по изучению архивов Омска, Оренбурга, Москвы и Ленинграда. В 1947 г. в Алматы вышел «Библиографический указатель материалов по истории Казахстана» Н. Сабитова, содержащий краткие данные о восточных источниках по истории казахского народа.

Большую помощь казахстанским историкам оказали научные учреждения городов Москвы и Ленинграда (Санкт-Петербург), активно содействовавшие подготовке востоковедных кадров республики. В 1955 г. на базе сектора уйгуро-дунганской культуры при Президиуме АН КазССР был создан сектор востоковедения.

В 1959 г. вышел в свет первый том трудов сектора. В дальнейшем сектор был расформирован и его сотрудники составили ядро отдела истории сопредельных стран зарубежного Востока (1959-1963) при Институте истории, археологии и этнографии АН КазССР. Ведущим направлением работы отдела являлось источниковедение. Казахские востоковеды приступили к переводу широкого круга источников по истории древнего и средневекового Казахстана на арабском, персидском, китайском, тюркском языках.

В исследовании истории и истории культуры Центральной Азии и Казахстана периода позднего средневековья значительную роль сыграл Семенов А.А., сделавший доступным широкому кругу исследователей ряд рукописных источников.¹⁸ В своих трудах А.А. Семенов подробно останавливается на истории Бухарского ханства, родословной узбекских правителей, внутреннем и политическом устройстве государства и внешнеполитических связях с сопредельными странами, в том числе и на взаимоотношениях с Казахстаном.

Одним из первых казахстанских востоковедов был С.К. Ибрагимов, внесший огромный вклад в развитие отечественного источниковедения. Им были опубликованы и введены в научный оборот ценные сведения по

истории казахских ханств из восточных трудов: «Таварих-и гузида-йи нусрат наме», «Шайбани-наме» Бинаи, «Фатухат-хани» Бинаи, «Та'рих-и Абулхайр-хани» Масуд ибн Усман Кухистани, «Зубдат ал-асар» Абдаллах ибн Мухаммад ибн Али Насраллахи, «Тарих-и Кашгар» и других сочинений. Незавершенные, ввиду преждевременной смерти ученого, исследования Ибрагимов С.К. тем не менее дали немало новых конкретных сведений о политической и отчасти социальной истории Казахстана XV - XVIII веков.¹⁹

Исследования С.К. Ибрагимова выявили ценные сведения из сочинения «Та'рих-и Абулхайр-хани». В данном труде подробно описывается о предыстории воцарения Абу-л-Хайр-хана в Восточном Дешт-и Кипчаке, о разгроме мятежными эмирами его предшественника Джумадук-хана, о восшествии на трон Абу-л-Хайр-хана. В тексте приводятся некоторые даты по хиджре или по двенадцатилетнему животному циклу. Рассказы автора «Та'рих-и Абулхайр-хани» свидетельствуют о политической раздробленности Дешт-и Кипчака в XV в., о войнах Абу-л-Хайр-хана с Махмуд-ходжа-ханом, с братьями Ахмад-ханом и Махмуд-ханом, с Мустафа-ханом.

